Мақалада функционалдық бағыттағы өсімдік компоненттерді қосу арқылы табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған йогурт өнімінің жаңа технологиясының мәліметтері берілген. Жаңа өнімге 1-4% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балын қосқанда йогурт құрамы дәрумендер, микроэлементтер, тағам талшықтарымен байытылады, органолептикалық, физика-химиялық сапа көрсеткіштері жақсарады, ассортименті көбейіп сақтау мерзімін ұзартылады.

**Тірек сөздер:** бие сүті, йогурт, жартылай қанықпаған май қышқылдар, дәрумендер, қызылша, қарақұмық ұны, бал.

Тамақтану – халықтың денсаулығын жақсартатын, аурулардың профилактикасына ықпал ететін, жұмыс қабілетін, жас ұрпақтың оқу үлгерімін, физикалық және ақыл – ойын дамытуын жоғарылататын күрделі факторлардың бірі. Сонымен қатар ол жас ұрпақтың қоршаған ортада бейімделуіне жағдай туғызады [1,2,4]. Дені сау адам үшін жалпы тамақтану мәселесі белгілі бір формулаға келтіріледі - тамақтану рационалды және мақсатты болуы тиіс.

Әлемдік және отандық тәжірибелерді талдау нәтижелері бойынша халықты толық құнды ақуыздармен, дәрумендермен, макро және микроэлементтермен қамтамасыз етудің тиімді және қол жетімді әдісіне адамның физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыратын қосымша компоненттермен байыту жатады.

Осыған байланысты әлемдік нарықтағы тамақ өнімдер өндірісінің заманауи дамуы емдік - профилактикалық, балалар, арнайы және функционалды тамақтану өнімдерді жасап шығаруға бағытталған. Функционалды өнімдердің адам денсаулығына оң әсерін тигізетіні белгілі болған [1]. Олар адам ағзасында ауруларға қарсылықты көтеріп көптеген физиологиялық үрдістерді жақсартып ықпалын тигізетіні белгілі [2,3]. Функционалды өнімдер күнделікті тамақтану рационына енгізіліп, ретімен тұтыну тиіс. Негізі бұндай өнімдер өзінің құрамында функционалды қасиеті бар ингредиенттерден тұрады [4].

Көптеген әртүрлі мал және өсімдік тектес өнімдер арасында тағамдық

және биологиялық қатынасындағы, тағамдық заттары жақсы сіңетін, компоненттерге бай теңдестірілген балансы мен құндылығы анықталатын сүт және сүтқышқылды өнімдер ең маңызды болып табылады.

Қорғау жүйесінде халық рационын антиоксиданттармен, дәруменді-минералды премикстермен, биологиялық және физиологиялық белсенді пектинді заттары бар тағамдармен қамтамасыз ету күрделі бағыт алады. Соңғы уақытта функционалды өнімдерді жасауда сүт өнімдерінің рецептураларына тағамдық талшықтары бар жемістер мен көкөністер, майлы дақылдылардың тұқымдарын, бұршақ, жүгері, қарақұмық дәндерін, қытайбұршақ, күріштің жармаларын қосу маңызды [1-9].

Сондықтан белгілі химиялық құрамымен, қол жетімді жергілікті өсімдік шикізаттарын пайдалану арқылы жоғары сапалы, қауіпсіз жаңа өнімді шығару өзекті болып табылады.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті зертханасында өсімдік компоненттерді қосу арқылы бие және сиыр сүтінен жаңа йогуртты алу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты өсімдік компоненттерін қосу арқылы табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған жаңа йогурт өнімінің ассортиментін кеңейту және сапасын арттыру.

Зерттеу нысандары: Батыс Қазақстан шаруашылық қожалықтарында өндірілетін бие және сиыр сүті, еzbесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны, табиғи ара балы, бие және сиыр сүтінен жасалған өсімдік компоненттері бар йогурт. Бие сүті жергілікті Кушум тұқымының биесінен өндірілген.

Негізгі міндеттер: бие және сиыр сүтінен йогуртты жасау үшін өсімдік компоненттерді қолдануын және таңдауын негіздеу, қоспалардың оптималды мөлшерлерін анықтау, жаңа өнімнің органолептикалық және физико-химиялық сапа көрсеткіштеріне және сақталуына рецептуралық компоненттерінің әсерін зерттеу.

Бие сүті – басқа жануарлар сүтімен салыстырғанда өзінің құрамы мен және биологиялық қасиетімен ана сүтіне ең жақын бірегейлі сүт өнімі. Бие сүтінің ерекшелігі құрамындағы ақуыз мөлшерінің төмендігі, лизоцим және лактоферриннің көптігі. Бұндай қасиет ақуыз, май, энергетикалық компоненті - лактозаның мөлшерінің жоғары болуымен, сүт шикізатының барлық компоненттерінің жақсы және түгел сіңірілуімен негізделеді [4,5,6]. Бие сүтінде жалпы ақуыз мөлшері орташа есеппен 1,5-ден 2,3% аралығында ауытқиды, бұл сиыр сүтіне қарағанда аз. Аминқышқылдар құрамы бойынша бие сүті сиыр сүтіне қарағанда құндылығы жоғары және ана сүтіне жақын тұрады. Құрамындағы ауыстырылмайтын аминқышқылдар орташа есеппен мөлшері: валин - 110 мг; изолейцин – 117 мг; лейцин – 174 мг; лизин – 185 мг; метионин – 233 мг. Ауыстырылатын аминқышқылдардан көп мөлшерде: глютамин қышқылы – 298 мг; аспарагин – 181 мг, аланин – 140 мг, аргинин – 135 мг, пролин – 127 мг [5-7]. Сонымен қатар табиғи бие сүті аскорбин қышқылының көптігімен ерекшеленеді - 8 мг/100 мл, ал басқа дәрумендер құрамы мен А, D, E, B<sub>1</sub> и B<sub>2</sub> мөлшері бойынша сиыр, түйе және ешкі сүтінен айырмашылығы жоқ. Бие сүтінде сиыр сүтімен салыстырғанда май мөлшері аз, бірақ ол жартылай қанықпаған май қышқылдардың (линол және линолен) жоғары құрамымен ерекшеленеді - 13-тен 51%. Бұл мәліметтер ЖҚМҚ-ны иммунитетті көтеретін, көз бен нерв жүйесін дамытатын балалар тамақтануының эссенциалды факторы ретінде қарастырады [5-8].

Қазақ тамақтану академиясының көп жылдық зерттеу нәтижелерімен бие сүтінің және қымыздың емдік-профилактикалық тағам ретінде

пайдаланатындығы және туберкулез, темір тапшылық анемия, жүрек-тамыр, бүйрек, несеп, асқазан ішек, атеросклероз және қатерлі ісік ауруларымен күресу үшін тиімді қолданылатыны ғылыми негізінде дәлелденген.

Қымыз емдік сусын болып есептеледі. Бірақ, қымыздың құрамында спирт болғандықтан, 10 жасқа толмаған балалар мен кәрі адамдар аз мөлшерде ішу керек [3-9]. Сондықтан бие сүтіне өсімдік компоненттерді қосып қымыз өнімдерінің ассортиментін көбейту өте өзекті.

Қызылша – ең пайдалы ғажайып көкөністің бірі. Оның пайдасы барлық ұрпаққа белгілі. Қант қызылшасы шырынының қан аздықта, плевритте, тері жараларына, өкпе ауруына және қандағы гемоглобинді реттеуде көмегі мол. Халық медицинасында қызылшаның шырыны гипертониялық ауруларға қолданылады. Осы жағдайда оны ара балымен араластырады. Гиппократ және Парацельс күнделікті тамақта қызылшаны пайдалануға кеңес берген. Қызылшаның құрамында 14% көміртегі бар. Оның 6% сахарозадан тұрады, одан азырақ фруктоза, глюкоза, пектинді заттары бар. Көкөніс В дәрумендеріне өте бай. В тобындағы дәрумендер ағзадағы процестерді сақтап отырады. Қызылшаның құрамында адамға қажетті химиялық элементтер: кобальт, темір, марганец және калий кездеседі.

Қарақұмық – маңызды микроэлементтер мен және клетчаткаға бай бағалы тағамдық өнім. Қарақұмық өзегінде микроэлементтер өте көп: темір, фосфор, мыс. Бұл микроэлементтер адам организміне жақсы сіңіп, қандағы гемоглобинді қалпына келтіруге әсер етеді. Сонымен бірге өзегі В1, В2, РР, Р витаминдеріне өте бай келеді. Ал рутин болуы гипертония және склероз ауруларын профилактикалық емдеуде үлкен маңызға ие.

Табиғи ара балында 100-шақты адам ағзасы үшін өте маңызды пайдалы заттар бар. Оның құрамында көп мөлшерде В, РР, С тобындағы дәрумендер және әртүрлі микроэлементтер: темір, кальций, натрий, калий, фосфор, магний, марганец, мыс, мырыш, күкірт, йод, хлор, кобальт және т.б. болады. Ара балының 80% көмірсулар, 38% фруктоза, 1% сахароза, 31% глюкоза. Бұл заттар ағзаның жүйке, бұлшық ет ұлпасының және иммундық жүйелерінің жұмыстарын жақсартады. Олардың ағзада жетіспеуі адамның физикалық және ақыл-ой белсенділігін төмендетіп әртүрлі ауруларға әкеледі [6-9].

Өсімдік компоненттерін қосу арқылы табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған жаңа йогурт өнімін әзірлеу мақсатымен, компоненттердің оптималды мөлшерін таңдау үшін келесі композициялары құрастырылды:

№1 композиция – бақылау: табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған қоспасыз йогурт;

№2 композиция – бие және сиыр сүтінен жасалған 1% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурт;

№3 композиция – бие және сиыр сүтінен жасалған 2% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурт;

№4 композиция – бие және сиыр сүтінен жасалған 4% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурт.

Бие және сиыр сүтінен жасалған езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурттың технологиясы ерекше және келесі операциялардан тұрады: шикізатты қабылдау және дайындау; тазалау; қалыпқа келтіру; гомогендеу; пастерлеу; суыту ашытқы енгізу; ашыту; компоненттерді қосу; араластыру; қораптау; сақтау.

Зерттеу барысында табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған жаңа йогурт үлгілерінің физика- химиялық, органолептикалық және технологиялық қасиеттері мен көрсеткіштері зерттелді. Үлгілердің органолептикалық

көрсеткіштері енгізілген өсімдік толтырғыштар мөлшеріне байланысты әртүрлі болды (1-кесте).

Кесте 1

Табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурт үлгілерінің органолептикалық көрсеткіштері

№	Үлгі атауы	Көрсеткіштер		
		Консистенциясы	Дәмі және иісі	Түсі
1	№1 композиция, бақылау	Біртекті тұтқырлы	Сүтқышқылды, бөтен дәмі және иісі жоқ	Ақ-сүтті
2	№2 композиция	Біртекті тұтқырлы, аздаған қарақұмық ұнының тұнбасы білінеді	Сүтқышқылды, қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының аздаған дәмі байқалады	Ақшыл - қызыл түсті
3	№3 композиция	Біртекті тұтқырлы, қарақұмық ұнының тұнбасы жақсы білінеді	Сүтқышқылды, қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының дәмі жақсы байқалады	Қызыл-қоңыр түсті
4	№4 композиция	Біртекті өте тұтқырлы, қарақұмық ұнының тұнбасы өте жақсы білінеді	Сүтқышқылды, қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының дәмі өте жақсы байқалады	Қою қызыл-қоңыр түсті

Эксперимент нәтижесі бойынша бақылау үлгісінде (№1 композиция) компоненттер қосылмаған бие және сиыр сүтінен жасалған йогурттың консистенциясы біртекті, тұтқырлы; дәмі және иісі - сүтқышқылды, бөтен дәмі және иісі жоқ, ақ түсті. №2 композициясында - бие және сиыр сүтінен жасалған 1% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурттың консистенциясы біртекті, тұтқырлы; аздаған қарақұмық ұнының тұнбасы білінеді; қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының аздаған дәмі байқалады; түсі - ақшыл – қызыл. №3 композициясында – бие және сиыр сүтінен жасалған 2% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурттың консистенциясы біртекті, тұтқырлы, қарақұмық ұнының тұнбасы жақсы білінеді; дәмі сүтқышқылды, қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының дәмі жақсы байқалады; қызыл-қоңыр түсті. №4 композициясында – бие және сиыр сүтінен жасалған 2% езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурттың консистенциясы біртекті, өте тұтқырлы, қарақұмық ұнының тұнбасы өте жақсы білінеді; дәмі сүтқышқылды, қызылша шырынының, ара балының және қарақұмық ұнының дәмі өте жақсы байқалады; құрамындағы ккмпоненттер мөлшеріне байланысты қою қызыл-қоңыр түсті.

Әртүрлі құрамындағы өсімдік қоспасы бар бие және сиыр сүтінен жасалған йогурт үлгілерін зерттеу оларды  $4 \pm 2^\circ\text{C}$  температурада 10 тәулік бойы сақтағанда органолептикалық көрсеткіштерінің өзгермегенін көрсетті. Ал физико-химиялық көрсеткіштерін зерттеу барысында бақылау және 1% - тік өсімдік қоспасы және бал қосылған табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған йогурт үлгілерінің қышқылдығы көбірек болғаны анықталды, яғни

сақтаудың 10 – ші тәулігінде 107 және 102°Т болды. Ал 2% өсімдік қоспасы және бал қосылған йогурттың қышқылдығы төмендеу – 97 және 92° Т құрады.

Талдауды толығырақ өткізу үшін тұтынушылар арасында дегустациялық сараптама өткізілді. Нәтижесінде олардың 17% бақылау үлгісіндегі йогуртты, 33% -1% өсімдік қоспасы және бал қосылған йогуртты, ал 40% -2% өсімдік қоспасы және бал қосылған бар йогуртты таңдаса, тек 10% - 4% қоспалары бар йогуртты таңдады.

Табиғи бие және сиыр сүтінен жасалған езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурт органолептикалық көрсеткіштері бойынша 10 балдық жүйемен бағаланды (2-кесте).

#### Кесте 2

Бие және сиыр сүтінен жасалған езбесі бар қызылша шырыны, қарақұмық ұны және ара балы қосылған йогурттың балдық бағалау нәтижесі

Нұсқалар	Сыртқы түрі және консистенциясы	Дәмі және иісі	Түсі	Жиынтық баллы
№1 композиция, бақылау	2,7	4,4	2	9,1
№2 композиция	2,8	4,8	2	9,6
№3 композиция	2,7	4,7	2	9,4
№4 композиция	2,7	4,5	2	9,2

Балдық бағалау қорытындысы бойынша өте жақсы нәтижелер №2 және №3 композицияларда: дәмі мен иісіне 4,8 және 4,7, сыртқы түріне мен консистенциясына олар 2,8 және 2,7 баллмен бағаланды. Барлық өнімдердің түсі 2 баллмен бағаланды. Өзірленген жаңа йогурт композицияларының барлығы жоғары балмен бағаланды: 9,1-9,6 балл аралығы. Дегенмен 2% өсімдік қоспасы және бал қосылған йогурт 10 балдық жүйе бойынша бағалану барысында 9,6 балға ие болды.

Сонымен, бие және сиыр сүті негізінде жасалған йогурт өндірісінде өсімдік қоспаларды және ара балын қосу өнімді дәрумендер, микроэлементтер, тағам талшықтармен байытады, ассортиментін кеңейтеді.

Өсімдік компоненті бар жаңа йогурт өнімі жақсы органолептикалық, физико-химиялық қасиетке ие, жақсы сақталады және өнімді өндірудің технологиялық үдерісіне өзгерту енгізуді қажет етпейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Канарейкина, С.Г. Создание молочно-растительного йогурта [Текст] / С.Г. Канарейкина // Российский электронный научный журнал. – 2013. – №6. – С.169-178.
2. Канарейкина, С.Г. Комбинированный продукт с использованием сухого кобыльего молока [Текст] / С.Г. Канарейкина // Коневодство и конный спорт. – 2014. – №2. – С. 29-31.
3. Кудаярова, Я.Я. Исторические аспекты применения кумыса в медицине [Текст] / Я.Я. Кудаярова, Л.Т. Гильмутдинова, К.С. Ямалетдинов, [и др.] // Бюллетень сибирской медицины. - 2010. - Т.9. - № 5 - С. 186-189.
4. Канарейкина, С.Г. Разработка и обоснование основных технологических операций при производстве йогурта из кобыльего



- молока [Текст] / С.Г. Канарейкина // Вестник Башкирского государственного аграрного университета. – 2010. – № 2 – С. 72-75.
5. Петченко, В.И. Влияние растительных добавок на качество кумыса [Текст] / В.И. Петченко, Ф.Т. Диханбаева, И.В. Белогривцева, Ф.Е. Акимова, Р. Сабитов // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2009. – №3. – С. 32-35.
  6. Шорманов, Т.Ш. Лечебные свойства кумыса и шубата [Текст] / Т.Ш. Шорманов, А.К. Жангабылов. – Алма-Ата: Ғылым, 1991.
  7. Якунин, А.В. Оценка пищевой ценности кобыльего молока и кисломолочных продуктов на его основе и возможности их использования в детском питании [Текст] / А.В. Якунин, Ю.А. Синявский, Ы.С. Ибраимов // Вопросы современной педиатрии. – 2017. – №16 (3). – С. 235-240. doi: 10.15690/vsp.v16i3.1734).
  8. Claeyns W.L., Verraes C., Cardoen S., et al. Consumption of raw or heated milk from different species: An evaluation of the nutritional and potential health benefits. *Food Control*. 2014;42:188-201. doi: 10.1016/j.foodcont.2014.01.045.
  9. Гумарова, А.К. Показатели качества и безопасности нового кумысного продукта [Текст] / А.К. Гумарова, А.Б. Канаткалиева, А.А. Даулетбаева // Материалы международной научно-практической конференции «Технология и продукты здорового питания». – Саратов, 2014.

*Материал редакцияга 04.05.18 түсті.*

**А.Б. Абуова, А.К. Гумарова, Г.М. Жазыкбаева,  
Ж.Р. Асангалиева, Э.Р. Чинарова**

*Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана,  
г. Уральск, Казахстан*

## **НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ЙОГУРТА ИЗ КОБЫЛЬЕГО И КОРОВЬЕГО МОЛОКА С ДОБАВЛЕНИЕМ РАСТИТЕЛЬНЫХ КОМПОНЕНТОВ**

В статье приведены данные о новой технологии йогурта из свежего кобыльего и коровьего молока с использованием растительных компонентов функционального назначения. Установлено, что введение 1-4% свекольного сока с мякотью, гречневой муки и пчелиного меда обогащает продукт витаминами, микроэлементами и пищевыми волокнами, улучшает органолептические, физико-химические показатели качества, расширяет ассортимент и увеличивает срок хранения.

**Ключевые слова:** кобылье молоко, йогурт, полиненасыщенные жирные кислоты, свекольный сок, гречневая мука, мед.

**A.B. Abuova, A.K. Gumarova, G.M. Zhazykbaeva,  
Zh.R. Assangaliyeva, E.R. Chinarova**

*West Kazakhstan Agrarian and Technical University named Zhangir Khan,  
Uralsk, Kazakhstan*

## **NEW TECHNOLOGY YOGHURT WITH MARE AND COW MILK USING PLANT COMPONENTS**

The article presents material on the new technology of yogurt of functional purpose. It was found that the introduction of 1-4% of beet juice with pulp, buckwheat flour and bee honey enriches the product with vitamins, microelements and dietary fibers, improves organoleptic, physical and chemical quality indicators, increases the range and term storage.

**Keywords:** mare's milk, yoghurt, polyunsaturated fatty acids, beet juice, buckwheat flour, honey.

ӘОЖ 633.1:637.146.2

**А.Б. Мынбаева**

*Техн. ғылымдарының канд., доцент*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

### **ДӘНДЕР НЕГІЗІНДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТҮРЛЕРІ**

Мақалада дәндер негізінде дайындалған қазақ ұлттық тағамдарының дәстүрлі түрлері және биологиялық, тағамдық құндылығы жоғары дәнді ұлттық тағамдарының заманауи түрлерін алу тәсілдері қарастырылған.

**Тірек сөздер:** дән, ұлттық тағамдар, көже, сусын, сүтқышқылды өнім, дәстүрлі, заманауи.

Қазақтың ұлттық дастарқанында ертеде пайдаланылған тамақтардың алғашқы түрлері мал өнімі болғанын көреміз, яғни ет, сүт және сүт өнімдері. Халық егіншілікпен айнала бастаған кезде дастарқанда дән негізіндегі тамақтар пайда бола бастайды.

Қазақтың көп тараған тағамдарының біріне және малшылардың, жолаушылардың, еңбек адамдарының жұмыс кезінде әрі сусын, әрі тамақ ретінде, салқын күйінде қолданылатын дәнді-дақылдардан дайындалатын тағамдардың қатарына ашытылған көжелер - «Сүт-көже», «Айран-көже», «Бидай-көже», «Қара-көже», «Тары-көже», «Қонақ-көже» жатады.

Ашытылған көжелерде ферменттер көп болады. Ол астың тез қорытылып, оңай сіңірілуін қамтамасыз етеді. Бидай, тары дәндерінен ашытып істелген тағамдардың асқазанның жоғары қышқылдығын қалпына келтіретін, ауру туғызатын микроағзаларды жоятын, несеп жолдарын тазартатын қасиеттері көптеген ғылыми әдебиеттерде жазылған [1].

Қазіргі таңда техника және технология ұлттық тағамдарды жана технология бойынша өндіруге мүмкіндік береді және дайын өнімді пайдалы етіп шығаруды қамтамасыз ете алады.

Өнген дән негізінде дайындалатын заманауи көжелер қатарына сергітетін алкогольсіз сусын - «Нұр-көже», сүттің барлық түрлерінен алынатын - «Көже Тенгри» жатады. Барлық өнген дақылдар пайдалы ингредиенттерден тұратыны мәлім: тағамдық талшық, олигосахарид, минералды заттар, сіңімділігі аз май қышқылы, дәрумендер тобы, өнген кезде жедел синтездейтіні белгілі. Дәннің компоненттері жеңіл сінетін қалыпқа келеді: крахмал декстрин және мальтоза түзеді; минералды заттар және

тағамдық талшықтар (талшық, гемицеллюлоза, пектинды заттар, лигнин) дәннің жемісті және тұқымды қабықтары өнген кезінде өзгермейді.

Сергітетін алкогольсіз сусын «Нұр-көжеге» дайындау үшін дәндерден өңделіп алынған өнімдер – арпа, бидай, жүгері, сұлы талқандары және майға қуырылған бидай ұны, тұз, ашытқы – алдын-ала майдаланып, кептірілген, 30-35°C температурада 2-3 тәулік бойы тұрғызылып өнген бидай дәндерін қосады және суды, компоненттер мөлшері келесігідей, 1000 л сусынға: арпа талқаны – 38,5-41,5; бидай талқаны 3,8-4,2; жүгері талқаны 19-21; сұлы талқаны 1,5-2,5; майда қуырылған бидай ұны 11,5-12,5; тұз 5,8-6,2; ашымал 1,5-2,0; су – қалғаны. Сусын алу тәсілі дәндерге су құю, ашытқы қосу, ашыту, суыту және құюды қарастырады. Дән талқандары мен тұзға қайнаған су құйып, үздіксіз араластырады және майға қуырылған бидай ұнын қосып, 60±10 минут үздіксіз араластыра отырып қайнатады, суытады, суытылған массаға ашытқы қосып араластырады және 25-30°C температурасында 15 сағат термостатқа қояды [2].

Заманауи сүтқышқылды өнімін «Көже Тенгри» дайындау тәсілі келесі сатылардан тұрады. Қалыпты пастерленген сиыр, түйе, ешкі, бие сүтіне немесе олардың қоспаларына алдын-ала өнген сұлы, күріш, бидай, маш, жасымық, қарақұмық, тары, жүгері, арпадан дайындалған жармаларды қосады, 28-32°C температурада *Str.thermophilus* термофильді сүтқышқылды стрептококкалардың таза культураларын, *L.bulgaricum* болгар таяқшаларын, сүтті ашытқыларды, бифидобактерияларды қосып, ұйытқы пайда болғанша ашытады, содан соң алдын-ала піскен ет өнімдерінің (қазы, қарта, жылқының сүр етін) сорпасымен бірге қосады, жақсылап араластырады, алынған өнімге өнім массасына есептегенде 1-2% ас тұзын, дәмдеуіштер (сарымсақ, қызыл бұрыш), өсімдік қоспаларын (аскөк, зире, ақжелкен) қосады [3].

Ұлттық сүтқышқылды өнімдерін тасымалдауға оңай, сақтау мерзімі ұзақ болу үшін және ассортиментін көбейту үшін қазіргі кезде көжені құрғақ түрінде шығаруға мүмкіндік бар. Құрғақ өнімдердің артықшылығы: дайындау уақытытының қысқаруы және қайнатуды қажет етпейді, бұл екінші рет жылумен өңдеуді жояды, нәтижесінде өнімнің тағамдық құндылығы сақталады.

Солардың бірі - «Жарма-көже», бұл сусын құрғақ компоненттерді қолдануға негізделген: 1 – бидай дәнінен алынған жартылайфабрикат, 2 – ұнтақтәрізді сүтқышқылды өнім [4].

Алғашқы кезде дәннен тағамдар жасауда ең көбірек тары дәні қолданылған. Тары өте құнарлы дақыл, химиялық құрамы бойынша тарыда орта есеппен 11% ақуыз бар; 70% көмірсулар, олар энергиямен және дайын өнімнің аспаздық қасиеттері мен сіңімділігін қамтамасыз етеді; клетчатка үлесіне 7,9% тиеді, ол тағамның сіңімділігіне мен аспаздық қасиетіне әсер етеді; май 3,8% құрайды. Бұдан басқа, дәндерде макроэлементтер (фосфор, кальций, калий, натрий, магний, темір және т.б.) және микроэлементтер (марганец, мыс, селен, йод және т.б.) бар, олар адам тамақтануында маңызды орын алады, сонымен қатар, тарыда аз мөлшерде дәрумендер бар (тиамин В<sub>1</sub>, рибофлавин В<sub>2</sub>, никотин қышқылы РР, токоферол).

Дәстүрлі технология бойынша ақталған тарыдан бірнеше ұлттық тағамдар белгілі - «Жент», «Майсөк», «Бөкпе», ең кәделісі – «Жент».

«Жент» - ұлттық дәмді және тәтті тағамдарының бірі. Әуелі тарыны суға салып қайнатады. Қауызы алынған кезде сүзіп алып, қыздырып қуырады. Дайын қуырылған тарыны сол ыстық қалыпында келіге салып, екі рет түйеді. Бірінші ақтағандағы ұшырындысын тарының кебегі дейді. Осылай

әзірленіп, тазартылған тарыны жармалап алып, сары ірімшік, ақ ірімшіктің талқанына қосып, үстіне құмшекер, бал салып, мейіз, шыртылдақ немесе сары майға былғап жасайды [5].

Жаңа замануи технология бойынша жентке әр түрлі жемістер, өнген дәндерді қосу арқылы дайындалған «Жент», «Алтын Жент», «Биожент» деп аталатын өнімдер қазақ ұлттық өнімдер ассортиментін кеңейтуге, тағамдық және биологиялық құндылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

«Жент» ұлттық өнімін дайындау келесі технологиялық сатылардан тұрады. Дәнді қауыздау, оны 100-105°C температурада 5-15 с құрғақ термиялық өңдеу, қауыздалған тары дәндерін екі сатыда қайнату, 10-15 минут суды тарымен бірге қайнату, суын жартылай төгу, дәнді герметикалық жабылған ыдыста қайнату, дәндерді жуу, езілген дәндерді алып тастау, кептіру агентінің 80-120°C температурасында кептіру, 3-7 минут 160-180°C майдың температурасында дәндерді шыжғырылып тұрған майға қуыру, суыту, майдалау, сары маймен, қантпен, рафинирленген күнбағыс майымен немесе бананның немесе құрманың езіндісімен араластыру, содан соң пішіндеу және дайын өнімді буып-түю [6].

Сонымен бірге, өнген дәндерден дайындалған «Алтын Жент» өнімін дайындау үшін 750 г мезофильді сүтқышқылды полиштаммды ашытқылармен өңделіп, майдаланған құрғақ өнген бидай дәні алынды. Бидайды бөгде қоспалардан тазартып, құбыр суының астында жуады, өндіреді, содан кейін мезофильді сүтқышқылды полиштаммды ашытқылармен өңдейді, бөлме температурасында кептіреді және майдалайды. 190 г күнжіттің үгетілген ұрығын, күнбағыс майы мен 6 г *Stevia Rebaudiana Bertoni* жасыл жапырақтарын қосып, жақсылап араластырып, тұтынуға дайын өнім алады [7].

«Биожент» ұлттық астық өнімін алу тәсілі дәнді және астық бұршақты дақылдарды тазалау мен жууды, өсіруді, шырыны мен жомын алуды, қоспалармен араластыруды, қуыруды, салқындатуды, ұнтақтауды, қайнатуды, електен өткізуді, пастерлеу мен қаптауды қамтамасыз етеді. «Биожент» өнімі диеталық қасиеттері бар ұлттық астық өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге, еңбек шығындарын азайтуға, әртүрлі қоспаларды пайдалану арқылы биологиялық және тағамдық құндылықтарды жақсартуға мүмкіндік береді. Электронды-сәулелі пастеризацияны қолдануға байланысты ұзақ сақтау мерзіміне (3 айға) ие. Астық өнімі арнайы және диеталық өнім ретінде қолданыла алады [8].

Үлкен жастағы кәрілер мен сәбилер тамақтануда көбінесе ұлттық тағам «Талқан» пайдаланған. Бидайды, тары мен арпаны, қуырып алған соң келіге түйіп, қолдиірменге тартып, елеуішпен елеп, майда ұнтақ жасайды. Талқанды сорпаға, сүтке, майға, қаймаққа жаныштайды, оларды жанышқан талған немесе осы аттас көже, ботқа деп аталады.

Өнген дәндерден «Талқан» жармалық концентрат дайындау тәсілі белгілі. Бұл тәсіл бойынша өнім алу үшін дәндерді бөгде қоспалардан тазартады, температурасы 18-25°C болатын құбыр суымен жуады, өскіндер ұзындығы 0,5 мм дейін 36-56 сағат қабыршақ астында өндіреді, өнген дәндерді термиялық өңдейді, оларды 3-5 мм дейін майдалайды және өндіріліп майдаланған дәндерге кептірілген жеміс-жидектер қосады [9].

Сонымен қатар, таңғы астардың қатарын көбейту мақсатында ұсақталған күріш қосылып дайындалған «Талқан» таңғы асы белгілі [10].

Ұлттық сусын «Боза» – бидай, жүгері, сұлы, арпа, тары дәндері негізінде ашыту арқылы дайындалатын ежелгі сергітетін шипалы сусын.

Бүгінгі күні бозаның тағамдық құндылығын, дәмдік қасиеті мен сапасын жоғарылату мақсатында дайындалған «Алтын боза», «Боза-Бакира» сияқты жаңа түрлері белгілі.

«Алтын боза» сусынын дайындау әдісі келесігідей: полиштамды ұйытқымен өңделген ұнтақталған құрғақ өскен сұлыны 50°C температурасынан жоғары сумен араластыру, титрленген қышқылдылығы 22-25°Н жинақталғанға дейін 18-30°C температурасында қоспаны тұрғызып қою, ірі фракциядан сұлы сүтін бөліп алу, сұлы сүтіне 25-30% спиртті қосу, мұқият араластыру, құю және орау [11].

«Бакира» боза сусынын өндіру тәсілі сұлы немесе тары дақылдарын өсіру арқылы уытты өңдеуді, кептіруден кейін өсірілген астықты ұсатуды, бидай дәнінің үгітілген өнімі - сұлы майы ботқасына ұсақталған сұлыны қосуды, мұқият араластыру және ашытуға қоюды, ашудан кейін сүзуді және боза сусынын алуды қамтиды [12].

Қазақ ұлттық тағамдары – біздің ұлттық байлығымыз. Ұлттық тағамдарды дәстүрлі әдіспен алуын сақтап, олардың ассортиментін көбейту мақсатында, қазіргі таңдағы техника және технологияны қолданып жаңа замануи технология бойынша өндіріп жатқанын көреміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ақылбек, Ғ. Ұлттық тағамдар - ұлт болашағының кепілі [Мәтін] / Ғ. Ақылбек, Б.Е. Агибаева // Жас ғалымдар жаршысы. - 2012. - № 1-3. - Б. 13-16.
2. Алиев, Н.У. Тонизирующий безалкогольный напиток «Нур-коже» [Текст] / Н.У. Алиев, К.Т. Бекбердиев, Е.М. Шайхутдинов, А.С. Омаров // Патент №8572 KZ от 15.03.2000.
3. Алимарданова, М.К. Способ производства кисломолочного продукта «Коже Тенгри» [Текст] / М.К. Алимарданова, М.А. Калдарбекова // Патент №26839 KZ от 15.05.2013.
4. Мынбаева, А.Б. «Жарма-коже» - дайындалу деңгейі жоғары дән негізіндегі ұлттық сусын [Мәтін] / А.Б. Мынбаева // Пищевая технология и сервис. – 2009. – №1. – Б. 8-10.
5. Нұрғалиев, Р.Н. «Шаңырақ». Үй тұрмыс энциклопедиясы [Мәтін] / Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясы. Бас редакциясы, 1989. – 568 б.
6. Кузембаева, Г.К. Способ производства национального пищевого продукта «Жент» [Текст] / Г.К. Кузембаева, К. Кузембаев // Патент №26347 KZ от 15.11.2012.
7. Рахимбаев, И.Р. Зерновой продукт «Алтын Жент» [Текст] / И.Р. Рахимбаев, А.В. Витавская, Б.А. Сарсенбаев, Ш.К. Кенжебаева, У.Ч. Чоманов, Д.Б. Баймуханова // Патент №12671 KZ от 17.02.2003.
8. Чоманов, У.Ч. Способ производства национального зернового продукта «Биожент» [Текст] / У.Ч. Чоманов, Т.Ч. Тултабаева // Патент №24187 KZ от 15.09.2013.
9. Буракаева, Г.Д. Пищевой функциональный продукт «Талкан» из пророщенного зерна и способы его производства [Текст] / Г.Д. Буракаева, И.Д. Буракаев // Патент №2463809 от 20.10.2012.
10. Кадымов, Ф.М. Сухой завтрак «Талкан» [Текст] / Ф.М. Кадымов, А.С. Акрамова, М.У. Бабаев, Ш.М. Абумажидов // Научно-технические

- достижения и передовой опыт в области хлебопродуктов. - 1992. - № 2. - С. 10-14.
11. Баймуханова, Д.Б. Способ приготовления напитка «Алтын Боза» [Текст] / Д.Б. Баймуханова, И.Р. Рахимбаев, Б.А. Сарсенбаев, А.В. Витавская, Ш.К. Кенжебаева, У.Ч. Чоманов // Патент №12677 KZ от 17.02.2003.
  12. Койбаков, С.М. Способ приготовления напитка боза «Бакира» [Текст] / С.М. Койбаков, А.А. Аскарова, Ж.А. Койбакова // Патент № 30891 KZ от 15.02.2016.

*Материал редакцияга 19.03.18 түсті.*

**А.Б. Мынбаева**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

### **ТРАДИЦИОННЫЕ И СОВРЕМЕННЫЕ ВИДЫ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ПРОДУКТОВ НА ЗЕРНОВОЙ ОСНОВЕ**

В статье рассматриваются традиционные виды казахских национальных продуктов на зерновой основе и способы получения современных видов зерновых национальных продуктов, обладающих повышенной биологической и питательной ценностью.

**Ключевые слова:** зерно, национальные продукты, коже, напиток, кисломолочный продукт, традиционный, современный.

**А.В. Mynbayeva**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### **TRADITIONAL AND MODERN KINDS OF KAZAKH NATIONAL PRODUCTS ON THE GRAIN BASIS**

In the article traditional types of Kazakh national products on a grain basis and ways of obtaining modern types of grain national products with increased biological and nutritional value are considered.

**Keywords:** grain, national products, skin, drink, sour-milk product, traditional, modern.

УДК 664. 641

Д.А. Шаншарова<sup>1</sup>, Ж.К. Усембаева<sup>2</sup>, А.А. Хакимжанов<sup>3</sup>, Л.Ж. Алашбаева<sup>4</sup><sup>1</sup>Техн. ғыл. д-ры, профессор м.а., <sup>2</sup>Техн. ғыл. д-ры, академик,<sup>3</sup>Биол. ғыл. д-ры, <sup>4</sup>PhD докторант

Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

### НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАҚСАРТҚЫШЫ РЕТІНДЕ СКРИНИНГ-БИОТЕСТ НЕГІЗІНДЕ МИКРОБАЛДЫРЛАРДЫ ІРІКТЕУ

Нан пісіру өндірісінің технологиялық сипаттамаларын жақсарту үшін моно- және аралас микробалдырлардың байытылған қоректік заттарымен нанның сапасын жақсарту мақсатында тәжірибелік зерттеу жұмыстары жүргізілді. *Chlorella vulgaris* және *Scenedesmus spp* микробалдырлар скрининг-биотесті қолданылып, нан жақсартқышы ретінде таңдалды. Микробалдырдың моно- және аралас дақылдарының антиоксиданттық қасиеттері зерттелді. Аралас микробалдырлардың полифенолоксидаза бойынша фермент белсенділігі жоғарғы мәнге ие болса, ал пероксидазаның белсенділігі аралас микробалдырларға қарағанда моно балдырларда жоғары болды. Бұл ферменттердің белсенділіктерінің көрсеткіштерін кейінгі зерттеулерде маркер ретінде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** микробалдыр, фермент, антиоксидант, скрининг-биотесті, моно- және аралас дақылдар.

Микробалдырлар өндірісте, экологияда, ауыл шаруашылығында және басқа да мәселелерді шешуде маңызды роль атқарады. Олардың жасушаларында дәрумендер, ақуыздар, көмірсулар, микро- және макро элементтер саны бойынша ғана емес, сапа жағынан да көп. Мысалы, олар 13 түрлі дәрумендерді өндіре алады [1].

Микробалдырлар функционалдық ингредиенттер ретінде пайдалануға болатын биологиялық белсенділігі бар қосылыстардың ең перспективті көздерінің бірі болып табылатындығына байланысты, қазіргі таңда осы бағыт бойынша жұмыс жасау өзекті мәселелердің бірі [2]. Жаңа тағам өнімдерін қалыптастыру кезінде олардың теңдестірілген химиялық құрамын (жақсы сапалы белоктар, теңдестірілген майлы қышқыл радикалдары, дәрумендер, антиоксиданттар мен минералдар) және олардың қызықты атрибуттарын қолдануға болады [3]. Нан өнімдері мен нан өнімдерінің тағамдық қасиеттерін жақсарту үшін жүргізілген зерттеулер өте көп. П. Прабхасанкер және әріптестері *Chlorella vulgaris* және *Spirulina maxima*-ны біріктіріп, өнімнің химиялық құрамы жақсартылған жаңа паста жасады [4].

Спирулина, жіңішке көгілдір жасыл микробалдыр немесе цианобактериялар, жоғары биологиялық құндылыққа ие, ақуыздың (60-70 г / 100 г) қайнар көзі ретінде жақсы белгілі, әрі пропурамин А, минералдар, әсіресе темір және  $\gamma$ -линолен қышқылы, простагландиндердің маңызды май қышқылының прекурсоры мен дәрумендердің, оның ішінде В<sub>12</sub> витаминінің бай көзі болып табылады. Бұған қоса, спирулинаның бірнеше микроағзалардың антиоксидант әрекеттеріне жауап беретін фикоцианин, б-каротин және ксантофилл пигменттері, г-токоферол және феноликалық қосылыстар сияқты *in vitro* және *in vivo* эксперименттерінде зерттелген [5]. Сонымен қатар, зерттеулердің басым бөлігі адам мен жануарларға арналған

диеталық қосымша ретінде спирулиннің денсаулығына әсер етуін анықтауға арналған. Көптеген зерттеулер осы микробалдырлардың әсері айтарлықтай терапевтік қосымша әсерлер туғыза алатынын көрсетті: обаға қарсы күрес, гиполипидемиялық әсер және қант диабеті мен семіздікке қарсы қорғаныс әсері [6]. Бұл артықшылықтар спирулинаны дұрыс тамақтанудың жақсы шикізаты ретінде қолдануға болатынын көрсетеді.


Осы уақытқа дейін спирулинаның пісірілген нан-тоқаш өнімдеріне әсері ретінде крахмал гидролизі немесе фенолдық қосылыс және кептіру және пісіру процесстерінен кейінгі антиоксиданттық белсенділігіне әсері аз зерттелген. Микробалдырларды қосу арқылы өнімнің технологиялық және тағамдық сапасына әсер етіп, ақуызды сіңу деңгейіне, фенол қосылыстарының құрамына, антиоксидант белсенділігіне және гликемиялық индексіне әсер ететін өзгерістерге назар аударып, дұрыс балдырлардың түрін таңдап алу қажет. Микробалдырлардың ассоциациялық симбиоз кезінде, олардың аралас дақылдарын қосымша қосу арқылы ауыл шаруашылығының өнімділігі мен тиімділігін арттыратын жоғарғы сапалы жем қоспаларын алуға болады. Олар оны топырақтың өнімділігін жоғарылату арқылы ауыл шаруашылығының өнімділігін көтереді.

Кең ауқымды өндірістік көлемде микробалдырлардың биомассасын алу үшін олардың жоғарғы өнімді штамдарын табу қажет, сондай-ақ олардың физиологиялық, биохимиялық, экологиялық және биологиялық ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Сонымен қатар олардың зертханалық дақылдары микробалдырлардың жасушасындағы қорғаныш механизмін зерттеу үшін өте ыңғайлы құрал болып табылады. Моно- және аралас микробалдырдағы пероксидаза және полифенолоксидаз сияқты ферменттердің каталитикалық белсенділігін зерттеу жасушаларының арасындағы симбиоздық қауымдастық механизмдерінің физиологиялық биохимиясын анықтауға мүмкіндік береді.

Барлық тірі ағзаларда кездесетін химиялық реакциялардың ішінде, еркін радикалдар -  $O^{\cdot 2}$ ,  $OH^{\cdot}$  және органикалық субстраттың радикалдарын қамтитын тотығу-тотықсыздандару агенттерін ажырату маңызды. Еркін радикалдармен зақымдауға қарсы қорғаныш агенті ретінде пероксидазаны қосу арқылы антиоксиданттық қабілеттілік қолданылады. Бұл фермент оксидазаны, оксигеназаны және пероксидазаны катализдейді. Бос радикалдар жасуша қабырғасындағы липопротеиндерді тотықтырады да иондардың күйін өзгерту арқылы фенол, аскарбин қышқылы сияқты қосылыстарды бөліп шығарады. Бұл жағдайда пероксидаза донорлы электрондарды бұзатын детоксикатор ретінде қызмет етеді [7].

Әдебиетте жоғары өсімдіктерді өсіру үрдісін реттеуге пероксидазаның қатысуы туралы ақпарат бар. Ферменттердің IRS тотығу қабілеті арқылы өсімдіктердің өсуіне пероксидаздың физиологиялық функциясы туралы әртүрлі пікірлер кездеседі [8].

Полифенолоксидазалар моно-, три-, поли- және ортодифенолоксидазаларды оттегінің қатысында су мен хинондардың ортасын түзу арқылы катализдейді. Ферментативті әсердің негізі ақуыздағы мыс атомның тотығуы болып табылады:



Ферменттік белсенділік механизмі оттегі мен мыс ферменттерінің кешендерін қалыптастыруға негізделген.



Микробалдырды екі дақылмен дақылдағанда монодақылдағы қалыпты жағдайда ферменттердің белсенділігі өзгереді. Осы ферменттердегі өзгерістер микробалдырдың өсу динамикасына әсер етеді [9].

Балдырлар, өз кезегінде, әртүрлі ассоциативті симбиоздарды жасай алады. Олардың арасындағы биологиялық қатынастар мутаризмге, антагонизмге, бәсекелестікке және бейтараптыққа бөлінуі мүмкін.


Зерттеудің мақсаты нан өнімдерінің технологиялық және тағамдық сапасына моно- және аралас микробалдырларды біріктірудің тиімділігін бағалау болып табылады.

**Зерттеу нысандары мен әдістері.** Зерттеу нысаны ретінде скрининг-биотесттік зерттеу барысында микробалдырлардың *Scenedesmus sp.* және *Chlorella vulgaris* түрлері іріктеліп алынды. Іріктелген микробалдырлар көлемі 350 мл колбаға 25<sup>0</sup>С температурада 6 кЛк жарықта люминастатта 12 сағ жарық/12сағ қараңғы фотопериодта дақылданды. Қоректік орта ретінде Фейджераль ортасы қолданылды.

Барлық биомасса центрифуга арқылы концентрленді. Белок мөлшері Лоури әдісімен анықталды. Пероксидаза және полифенолоксидазаның белсенділігі 420-430 нм толқын ұзындықты сәулемен спектрофотометр арқылы есептелді. Болжамды айнымалы мәндер: үгінділер түсінің ашықтығы, үгінділердің нақты көлемі мен қаттылығы. Нан үгінділерінің түсінің ашықтығы органолептикалық әдіс қолданып, анықталды. Нан аналитикалық таразыда өлшенді және нан көлемі «Нан көлемін анықтау» әдісімен зерттелді. Нанның нақты көлемі бастапқы көлем мен пісірілген нан массасының арасын салыстыру арқылы жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.** *Скрининг-биотест арқылы зерттеу нысанын іріктеп алу.*

Микробалдырлардың арасында алты түрлі арақатынастар болады: мутуализм (өмір бойы өзара тиімділік), комменсализм (екі популяция бір біріне әсер етпейді), аменсализм (екі популяцияны біріктіріп өсіргенде бір-біріне зиянды әсер ететін), конкуренция (екі популяция бір-бірінің тіршілігін жояды), нейтрализм (екі популяция бір-біріне пайда да зиян да келтірмейді) және паразитизм, жыртқыштық (бір популяция екіншісінен пайда көреді). Осындай симбиоздың түрлерін арнайы скрининг-биотест жүргізіп көруге болады. Микробалдырлар Петри табақшасында штрих арқылы бір горизонталь бойымен өсіріледі. Микробалдырлардың 3 күндік дақылынан жолақтардың бір біріне арақатынасын визуальды түрде байқауға болады. Екі жолақтың арасындағы арақатынасты төмендегі 1-суреттен байқауға болады.




Сурет 1. Микробалдырлар арасындағы қарым-қатынастарды анықтау мақсатында жасалған скрининг-биотесттің көрінісі

Жоғарыдағы суретте *Chlorella vulgaris* (KV4) пен басқа микробалдырлардың штамдарымен арасында түзілген түрлі биотикалық қатынастарды байқауға болады. Түрлі арақанастардың арасындағы байланыстардың ішінен комерциялық тұрғыда тиімді мутуалистік арақатынастағы түрлері -102, 103, 104 таңдалып алынды. Олардың арасындағы жақсы мутуалистік арақатынасқа ие болған микробалдырлар *Chlorella vulgaris* и *Scenedesmus sp.* таңдалды. Таңдалған микробалдырлар кейінгі биохимиялық және технологиялық зерттеулерге қолданылды.

*Микробалдырларды қоректік ортада дақылдау.* Зерттеу нысаны ретінде жасыл микробалдырлардың модақылдары *Chlorella vulgaris* и *Scenedesmus spp* таңдалды. Ассоциациялық симбиоз негізінде таңдалған микробалдырлардың моно- және аралас дақылдары өсірілді. Моно дақылдарды оптикалық тығыздығы бірдей етіп егілсе, дәл сондай оптикалық тығыздықта 1:1 қатынасындай етіп аралас микробалдырлар да дақылданды.

Моно- және аралас дақылдар люминастаттың ішінде 25<sup>0</sup>С температурада 18 күн бойы 0,35 колбаларда өсірілді. Әрбір үш күн сайын зерттеуге сынама алынып отырды.

Микробалдырлар ұштасқан режимде дақылданады және оларға 16 сағ. жарық берілсе, 8 сағ қараңғыда фотопериодталған бейнесі 2-суретте көрсетілген. Олар Фейджеральды ортада өсірілді, әрі олардың өсу динамикасы әрбір 0, 3, 6, 9, 12, 15, 18 диапазонда клетканың қорғаныш қызметін атқаратын ферменттердің белсенділігі үш қайталама түрде тексеріліп отырды. Ол үшін барлық биомасса центрифугалау арқылы концентрледі. Фосфатты буфер 6 мин элюирледі. Жалпы белок Лоури әдісімен талданды.




Сурет 2. Микробалдырлардың люминастаттың ішінде 16 сағ. жарық/8 сағ қараңғыда, 25<sup>0</sup>С температурада, 18 күн бойы колбалардағы өсірілген көрінісі

Пероксидазаның құрылымы спектрофотометр көмегімен микробалдырлардан анықталды. Субстрат ретінде таңдалған пирогалолды қолданып, 430 толқын ұзындығында өлшенді. Полифенолоксидазаның белсенділігі де спектрофотометрмен өлшенді. Толқын ұзындығы 420 нм құрады. Субстрат ретінде пирокатехин қолданылды.


Нәтижелер 1 г шикі массаның оптикалық тығыздығының уақыт бірлігіндегі өзгеруіне негізделген. Пероксидаздың сутегі асқын тотығына

жоғары сезімталдығынан 20 сек сайын үш рет қосылып отырды. Алынған нәтижелер фермент белсенділігін шығаратын формулалармен есептелді.

Микробалдырлардың антиоксиданттық сипаттамаларының нәтижелері және оларды талдау. Төмендегі суретте моно- және аралас микробалдырлардағы полифенолоксидазаның белсенділігінің салыстырмалы нәтижесі көрсетілген. Талдау көрсеткіші бойынша моно дақылдарға қарағанда аралас дақылдарда ферменттің белсенділігі жоғары. Мысалы: 60 сек тәжірибе барысында ферменттің белсенділігі  $2,8 \pm 0,2$  құрады. *Chlorella vulgaris* и *Scenedesmus sp.* және  $2,25 \pm 0,1$  және и  $2,42 \pm 0,2$  құрады.



Сурет 3. Моно- және аралас дақылдардағы полифенолоксидаза белсенділігі



Сурет 4. Моно- және аралас дақылдардағы пероксидаза активтілігі көрсетілген

3 және 4-суреттерде моно- және аралас микробалдырлардағы пероксидаза ферментінің белсенділігі көрсетілген. Монодақылда өсу белсенділігіне қарағанда ферменттің белсенділігі жоғары. Тәжірибенің 60 с пероксидазаның белсенділігі жоғары  $1,26 \pm 0,1$ , ал аралас дақылда  $0,97 \pm 0,1$ .

Пероксидаза жасуша қорғанышының антиоксиданттық жүйесіндегі ферменттің бірі болып саналады. Бұл көп функционалды фермент субстраттың көп бөлімін құрта алатын гетерогенді молекуласымен сипатталады. Бұл эксперименталды мәліметтер мен деректер бойынша

пероксидазаның белсенділігіне бағытталған және пероксидаза мен өсімдік штаммына көптеген өзгерістер мен метаболикалық бұзылуларға жауапты де novo синтезінде белгілі изоэнзимдердің тиімділігін көрсетеді. Көптеген авторлардың соңғы жылдары жұмыс істеуі стресстік факторлардың тұрақты диагностикалық белгілері ретінде пероксидаз белсенділігі мен изогендікті пайдалану туралы болжамға негізделген.

Бұл жағдайда аралас дақыл жағдайында полифенолоксидазасының белсенділігі монодақылдарға қарағанда жоғары және пероксидаза белсенділігі монодақылға қарағанда төмен болды.

*Белсенді дақылдармен ұйытқы дайындау.* Қамыр дайындауға қажетті ұйытқы 36 сағ бұрын дайындалды. 20 г ашытқыға 20 г іріктелген микробалдырлардың моно- және аралас дақылдарына 40 мл су мен 40 г бидай ұнын қосып, жақсылап араластырып, бетін жауып, 21<sup>0</sup>С бөлме температурасында 36 сағат бойы ұйытылды. Төрт нұсқа жасалды. Әрбір 8 сағат бойы 120 мл су мен 120 г бидай ұны қосылып отырды.

*Қамыр дайындау мен пісіру рәсімі.* Дайындалған ұйытқыдан қамыр дайындалу барысында ингредиенттер автоматсыз қосылып, арнайы спиралды ілмегі бар араластырғышқа салынып, 10 мин араластырылды. Кешенді нан пісіруге қосылатын микробалдырлардың нан пісіру қасиеттеріне және ондағы технологиялық үрдісті қаншалықты жеделдететінін білу үшін қолданылды. Сосын қамырды 350 г бөліктерге бөлінді. Олар арнайы пеште пісірілді. Төрт бөліп, үш нұсқадан 12 нан пісірілді. Шикізатты дайындау және нан пісіру үрдісі «Нан пісіру кәсіпорындарындағы технологиялық процесті ұйымдастыру және жүргізу ережелеріне» сәйкес жүргізілді. Зерттеудің шарттары өндіріс жағдайына барынша жақын болды.

*Chlorella vulgaris мен Scenedesmus sp. микробалдырлар қосылып дайындалған нанның технологиялық сипаттамалары.*

Енгізілген өзгерістер нанның нақты көлеміне айтарлықтай әсер етті ( $p \leq 0,10$ ). Зерттеу нәтижесінде хлорелла мен скенедесмустың аралас дақылдарының әсері оның жеке түрлері мен бақылауларымен салыстырғанда көлемінің нақты бір деңгейден ұлғайғанын байқауға болады. Нақты бір көлемді көрсету маңызды көрсеткіштердің бірі. Ол нан пісіру кезінде ұнның кеңеюі мен қамырда газдың ұсталуы негізінде пайда болады, сондай-ақ микробалдырлардың аралас түрі 3,5% құрағанда, нан көлемі жоғары көрсеткішке ие болған.

Жалпы алғанда, ферменттеу уақыты нанның ылғалдылықты сақтау температурасына қарамастан өсті. 26 °С температурасында ашытылған кезде, 0 және 12 сағаттық өңдеу кезіндегі нанның ылғалдылығының айырмашылығы шамалы болды, бірақ орташа өсім 0,94% құрады. Айтарлықтай жақсы көрсеткіш 12 мен 48 сағат аралығында 14<sup>0</sup>С температурада ашытылу барысында, ылғалдылық 1,88% көрсетті. Ылғалдылықтың көбеюі микробтық және эндогенді ферменттердің метоболиттік белсенділігінен туындайтын, суға жанама өнім ретінде келуі мүмкін. Ашыту сондай-ақ, суды байланыстыратын, қамырдың гратациялану қабілеті мен тоқтап қалуын болдырмайтын қосылыстарды арттырады. Бұл үрдіс пісіру барысындағы булану кезінде қамырдағы судың тапшылығына кедергі бола алады.

**Қорытынды.** Микробалдырлардан дайындалатын ашытқы дақылдары шет елдің дәстүрлі әдістері ретінде ертеден қолданылған. Соңғы жылдары микробалдырлардың тағамдық құндылығы мен сіңімділігін ескере отырып,

ұмыт болған дәстүрлі әдістерді қайта жаңғырту барысында зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Зерттеуге қажетті нысандарды іріктеу барысында тағамда қолданылуға рұқсат берілген 15 микробалдырлардың ішінен тест-скрининг әдісімен екі микробалдыр түрлері алынды. *Chlorella vulgaris* мен *Scenedesmus sp* дақылдар арасындағы мутуалистік арақатынасы анықталып, бірге аралас микробалдыр түрінде қолданылу алға қойылды. Іріктелген микробалдырлардың арасындағы селбесіп өсудің спектрофотометрмен фермент белсенділіктері анықталды. Аралас микробалдырлардың полифенолоксидаза бойынша фермент белсенділігі жоғарғы мәнге ие болса, ал пероксидазаның белсенділігі аралас микробалдырларға қарағанды моно балдырларда жоғары болды. Бұл ферменттердің белсенділік көрсеткіштерін кейінгі зерттеулерде маркер ретінде қолдануға болады.

Аралас және моно микробалдырлар үлгілері ашытқы ретінде қолданылып, түрлі уақыт аралығында ашытылды. Әр нанның биіктігі өлшеніп, жазылды.

*Chlorella vulgaris* мен *Scenedesmus sp.* микробалдырлардан аралас және жеке қосылып дайындалған нанның технологиялық сипаттамалары анықталды. Микробалдырлардың аралас түрі 3,5% құрағанда жеке балдырларға қарағанда нан көлемі жоғары көрсеткішке ие болды.

Ферменттеу уақыты ұлғайған сайын, нанның ылғалдылықты сақтауы температураға қарамастан өсті. Ол пісіру барысындағы булану кезінде қамырдағы судың тапшылығына кедергі бола алатындығын көрсетеді.

Бидай мен микробалдырлардағы белоктардың белгілі бір түрлерінің сезімтал адамдарға нан ашытқыларының қауіпсіздігі мен ашу процесіндегі нан гидролизінің деңгейін толық түсіну үшін толығырақ зерттеулер жүргізу қажет. Сондай-ақ, ақуызды гидролиздеу қабілеті жоғары ашытқы бактерияларын атап көрсете кету керек. Сонымен қатар, кейбір пробиотиктердің асқорытуға көмектесетін механизмдерін жақсы түсіну қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Минюк, Г.С. Одноклеточные водоросли как возобновляемый биологический ресурс [Текст] / Г.С. Минюк, И.В. Дробецкая, И.Н. Чубчикова [и др.] // Морской экологический журнал. – 2008. – Т. 7, № 2. – С. 5-23.
2. Pulz O., & Gross W. Valuable products from biotechnology of microalgae // Applied Microbiology and Biotechnology. -2004. -№65. -P.635-649.
3. Spolaore P., Joannis-Cassan C., Duran E., & Isambert A. Commercial applications of microalgae // Journal of Bioscience and Bioengineering – 2006 –№101. -p.-87-96.
4. Prabhasankar P., Ganesan P., Bhaskar N., Hirose A., Stephen N., & Gowda L. Edible Japanese seaweed, wakame (*Undaria pinnatifida*) as an ingredient in pasta: chemical, functional and structural evaluation // Food Chemistry – 2009. –№65. -p.501-508.
5. Miranda M., Cintra R., Barros S., & Mancini-Filho J. Antioxidant activity of the microalga *Spirulina maxima* // Brazilian Journal of Medical and Biological Research – 1998. – №31.– P.1075–1079.
Анализ данных подтверждает высокий уровень загрязнения атмосферного воздуха в г. Тараз. Так в январе 2008 года концентрация формальдегида превышало ПДК в 1,3 раза, концентрация азота превышало ПДК в 1,2 раза, максимальная концентрация диоксида азота превышало ПДК в 1,2 раза. Концентрация оксида углерода в районе ПНЗ №3 (площадь «Достык») превышало ПДК в 1,3 раза. По данным исследования Жамбылским



областным центром гидрометеорологии индекс загрязнения атмосферы (ИЗА) по г. Тараз в январе 2008 года составило 8,53 ед. (табл. 2).

Таблица 2

Загрязнения воздушного бассейна г. Тараз (январь 2008 года)

Город	ИЗА 5	Наименования примесей, превышающих ПДК	Средняя концентрация мг/м <sup>3</sup>	Кратность превышения ПДК	Макс. концентрация мг/м <sup>3</sup>	Кратность превышения ПДК	Повторяемость концентраций примесей выше ПДК, %
Тараз	8,53 ед. по ПНЗ 1,2,3,4	Диоксид азота.	0,08	1,2	0,16	1,3	44
Январь 2008		Формальдегид, оксид углерода	0,009	1,2	–	–	–
		ПНЗ №3	1,3	1	1,3	1,3	–

Уровень загрязнения атмосферного воздуха городов по ИЗА оценивается так: чистый город - если ИЗА ниже 5 единиц; загрязненный город если ИЗА выше или равен 5; высоко загрязненный город - если ИЗА выше или равно 7.

Критерием высокого загрязнения (ВЗ) атмосферного воздуха города в течении суток является содержание одного или нескольких веществ, превышающих предельно допустимые, максимально разовые концентрации более чем, в 1,3 раза. Критериями экстремально высокого загрязнения (ЭВЗ) атмосферного воздуха являются содержание одного или нескольких веществ в течении суток более 30 ПДК.

В целях организации системы мониторинга за состоянием загрязнения атмосферного воздуха необходимо расширить сеть наблюдений дополнительных постов в г. Тараз. Концентрация пыли превышает ПДК от 1 до 1,3 раза. Наибольшее загрязнение взвешенными частицами, приведенные в таблицах 3 и 4, наблюдаются в районе ПНЗ №1. Динамика индекса загрязнений атмосферы (ИЗА) по г. Тараз в январе 2003 года и январе 2007 года, в сравнении, приведены на рисунке 2.

Таблица 3

Загрязнение воздушного бассейна в г. Тараз за период 2003-2007 годы

Город	Наименование прим-й превышающих ПДК		Максимальные	Максимальные	Максимальные	Максимальные	Максимальные
			концентрации/кратность превышения ПДК	концентрации/кратность превышения ПДК	концентрации/кратность превышения ПДК	концентрации/кратность превышения ПДК	концентрации/кратность превышения ПДК
			2003 г.	2004 г.	2005 г.	2006 г.	2007 г.
Тараз (взвешенные частицы)	Пыль	ПНЗ №1	1,1/2,2	0,4/0,8	1,0/1,2	1,3/1,4	1,1/1,2
		ПНЗ №2	0,5/1,0	0,5/1,0	1,3/1,3	1,2/1,2	1,6/1,3
		ПНЗ №3	0,5/1,0	0,4/0,8	0,5/1,0	0,6/1,0	1,2/1,2
		ПНЗ №4	0,5/1,0	0,3/0,6	1,7/1,25	0,8/1,2	2,4/1,4

Таблица 4

	Максимальная концентрация пыли в 1 кг/м <sup>3</sup>				
	2003	2004	2005	2006	2007
ПНЗ №1	1,1	0,4	1;0	1,3	1,1
ПНЗ №2	0,5	0,5	1,3	1,2	1,6
НПЗ №3	0,5	0,4	0,5	0,6	1,2
НПЗ №4	0,5	0,3	1,7	0,8	2,6

Как видно из приведенных данных уровень загрязнения атмосферного воздуха (ИЗА) увеличивается с каждым годом, приближенным к отметке 5 (загрязненный город). Пыль, в особенности мелкодисперсная, является одним из основных вредных факторов загрязнения атмосферы. В пылевидном, мелкодисперсном состоянии пыль переходит и поступает в окружающую среду от нескольких процессов, от мест сырья и готовой продукции, что составляет миллионы тонн.




Рис. 2. Динамика загрязнения атмосферного воздуха от пыли в г. Тараз

Проблема с пылью может быть решена на основе следующих мероприятий: повышения эффективности локализации пылевыведений от технологического оборудования и других источников; предварительной обработки пылегазовых источников с целью укрупнения пыли; улавливания мелкодисперсной пыли и повышения эффективности очистки выбросов в атмосферу.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кусмухамбетов, М.Е. Оценка и особенности состояния окружающей среды г. Тараза [Текст] / М.Е. Кусмухамбетов, Е.М. Кусмухамбетов, Р.Н. Беспалова // Материалы международной научно-практической конференции «Научно-образовательный потенциал нации и конкурентоспособность страны». – Тараз: Сенім, 2008. – С. 488-491.

Материал поступил в редакцию 27.03.18.

**М.Е. Кусмухамбетов, А.М. Байтуреев, А.Р. Усеналиева**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

### **ӨНЕРКӘСІПТІК ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЛАСТАНУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Бұл мақалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі индустриалды жағдайда ұсақ шашыраңқы шаңмен байланысты. Шаң проблемасы келесі шараларға негізделген ұсынымдармен шешілуі мүмкін: технологиялық жабдық пен басқа көздерден шаң шығарындыларын локализациялау тиімділігін арттыру; Шаңды кеңейту үшін шаң мен газ көздерін алдын-ала өңдеу; жұқа шаңды ұстап, атмосфераға шығарылатын шығарындылардың тиімділігін арттырады.

**Тірек сөздер:** жұқа шаң, ластанған ауа, ауа үлгілерін талдау және өңдеу, тазалау тиімділігі.

**M.E. Kusmukhambetov, A.M. Baytureev, A.R. Usenaliyeva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### **INVESTIGATION OF THE LEVEL OF ATMOSPHERIC AIR POLLUTION FEATURES OF EVALUATION IN INDUSTRIAL CONDITIONS**

The article deals with the level of atmospheric air pollution with finely dispersed dust in industrial conditions. The problem with dust can be solved by the recommendations presented, based on the following measures: increasing the efficiency of the localization of dust emissions from process equipment and other sources; preliminary treatment of dust and gas sources to enlarge dust; capture fine dust and improve the efficiency of cleaning emissions into the atmosphere.

**Keywords:** fine dust, polluted air, analysis and treatment of air samples, cleaning efficiency.

## Физика

ӘӨЖ 539.1 E23

С.Ш. Егембердиева<sup>1</sup>, К.А. Байжұман<sup>2</sup><sup>1</sup> Физ.-мат. ғыл. канд., доцент, <sup>2</sup>Білімгер  
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., ҚазақстанИДЕАЛ ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ ЦИКЛДЕР ЖӘНЕ НАҚТЫ ЖЫЛУ  
МАШИНАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Жұмыста идеал термодинамикалық циклдер және нақты жылу двигателдеріндегі процестерде болатын жағдайлар қарастырылады. Қарастырылған нақты циклдің пайдалы әсер коэффициенті жұмыстық дененің сығылу дәрежесі  $\varepsilon$  және адиабата көрсеткіші  $\gamma$  көп болған сайын артатындығы көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Карно циклі, адиабата, изохора, пайдалы әсер коэффициенті, сығылу дәрежесі, цикл, жұмыстық дене.

Жылу техникасының негізін құрайтын жылу машиналарының қазіргі заманғы теориясы термодинамикаға сүйенеді. Термодинамика табиғатта болатын энергияның айналуы кезіндегі макропроцестерді сипаттайды. Бұл тұрғыдан қарағанда термодинамика жалпыға бірдей фундаментальдық теорияға жатады. Соның ішінде газ түрлерінің жүйесіндегі жылу процестерін түсіндіреді. Бұл жүйелер үздіксіз хаостық қозғалыстағы және өзара әсерлесетін саны  $N - N_A$  ( $N_A$  – Авагадро саны) өте көп бөлшектерден тұрады.

Термодинамиканың тамаша танымдылық ерекшеліктері мынадай:


1) макроскопиялық – ішкі құрылысына (бөлшектер жүйесінің құрылымының физикалық қасиеттері) көңіл бөлместен жүйені түгелімен қарастыру.

2) Феноменология – тәжірибелер нәтижелерін қорытындылау арқасында құрылған теориялар.

Бұл жұмыста идеал термодинамикалық циклдер және нақты жылу двигателдеріндегі процестерде болатын жағдайлардағы сұрақтар қарастырылады. Былайша айтқанда, жылу машиналарының термодинамикалық моделдерінің нақты жағдайына адекваттылығы анықталады. Бұл жерде нақты жылу двигателдерінің жұмысының қандай ерекшеліктерінен шығатын абстракциялауды және қандай қасиеттерін идеализация жасауға болатынын да анықтау маңызды.

Бұл сұрақтар өте маңызды болғанымен оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарында жеткіліксіз түсіндірілген. Шындығында, нақты физикалық объектінің және оның теориялық моделінің сәйкестігі танылатын процестің міндетті және маңызды құрамы болып есептеледі [1].

Табиғатта Карно циклінен басқа да саны әр түрлі процестерден тұратын нақты циклдер бар. Мысалы, екі изохорадан және екі изобарадан тұратын циклді (1-сурет) қарастырайық (диаграммада төртбұрыш түрінде берілген).



Сурет 1. Екі изохорадан және екі изобарадан тұратын цикл


Карно циклінен басқа кез – келген нақты циклдің П.Ә.К. жұмыстық дененің қасиетіне байланысты. Бұл циклде көптеген үздіксіз сыртқы денелердің екі тобы болуы қажет: көптеген термостат - жылу бергіштер және көптеген термостат – жылу қабылдағыштар. Бір ерекшелігі, екі изобарадан және екі изохорадан тұратын көптеген термостат – жылу бергіштер мен термостат – жылу қабылдағыштардың температураларының интервалдары тура келеді.

Шындығында,  $(T_4, T_2)$  температура интервалы  $4 \rightarrow 1 \rightarrow 2$  процестерінде жылу денесімен тепе – теңдік жылу контактісінде болатын көптеген термостат – жылу бергіштерге жатады (жұмыстық дене  $Q_1 = Q_{11} + Q_{12}$  жылуын қабылдайды). Ол,  $2 \rightarrow 3 \rightarrow 4$  процестерінде көптеген термостат – жылу қабылдағыштарына жатады (жұмыстық дене  $|Q_2| = |Q_{21}| + |Q_{34}|$  жылуын береді).

$V_2 + (V_1)P_2 + P_1$  болған жағдайда циклде ең төменгі және ең жоғарғы температура  $T_4$  және  $T_2$  болады.

Екі адиабата және екі изохорадан тұратын нақты циклді (2 сурет) қарастырайық. Жұмыстық дене (нақты газ) қыздырғышпен тепе – теңдік контакт кезінде  $T_2$  ден  $T_3$  ке дейінгі температура  $2 \rightarrow 3$  интервалында изохорасына сәйкес алатын жылу мөлшері:

$$Q_1 = mC(V)(T_1 - T_2)$$



Сурет 2 Екі адиабата және екі изохорадан тұратын нақты цикл

$4 \rightarrow 1$  изохорасында жұмыстық дене салқындатқышқа  $T - (4)$  тен  $T(4)$  ге дейінгі интервалда) төмендегідей жылу береді:

$$Q_2 = mC(V)(T_4 - T_1)$$

Сондықтан, бұл циклдің П.Ә.К. мынадай болады:

$$\eta = 1 - ((T_4 - T_1)) / ((T_3 - T_2)) \quad (1)$$

мұны түрлендіре отырып төмендегі өрнекті аламыз

$$\eta = 1 - (T_4 / T_1 - 1) / (T_2 / T_1) (T_3 / T_2 - 1) \quad (2)$$

$1 \rightarrow 2$  және  $3 \rightarrow 2$  процесстері үшін адиабата теңдеуі:

$$T_4 / T_3 = (V_2 / V_1)^\gamma (\eta - 1) T_1 / T_2 = (V_2 / V_1)^\gamma (\eta - 1)$$

Онда  $T_4 / T_3 = T_1 / T_2$  не болмаса,  $T_4 / T_1 = T_3 / T_2$

Егер де  $V = V_1 / V_2$  (циклдегі жұмыстық дененің сығылу дәрежесі) шамасын енгізсек, онда


$$T_2 / T_1 = (V_1 / V_2)^\gamma (V - 1) = V^\gamma (V - 1)$$

Жоғарыда алынған нәтижелерді (2) формуласына қойып, нақты цикл үшін П.Ә.К. табамыз:

$$\eta = 1 - 1 / V^\gamma (V - 1) \quad (3)$$

Қорыта келгенде, қарастырылған нақты циклдің П.Ә.К. неғұрлым жұмыстық дененің қысылу дәрежесі  $\epsilon$  және адиабаталық көрсеткіші  $\gamma$  көп болса соғұрлым көп болады [2].

Енді нақты объекті – 4 тактілі іштен жану двигателін қарастырайық. Оның жұмысын техникалық индикаторлық (индикатор арқылы түсіріледі) диаграмма сипаттайды.



Сурет 3 Термодинамикалық диаграмма

Бұл график цилиндрдегі қысымның двигательдің жұмысының барлық циклі бойынша поршеннің жағдайына  $P = f(V)$  байланыстылығын көрсетеді. Индикаторлық (нақты не идеал) және термодинамикалық диаграммалар сырт көзге ұқсас болғанымен олардың түбегейлі айырмашылықтары бар. Индикаторлық диаграммадағы нүктелер жұмыстық дененің тепе – теңдік күйін көрсетпейді, ал сызықтар – тепе-теңдік процесстерді сипаттайды.

3-суретте көрсетілген термодинамикалық диаграмманы индикаторлық диаграмманы идеалдандыру арқылы алуға болмайды. 4 тактілі іштен жану двигательінің техникалық индикаторлық диаграммасын түсіндірейік. Двигательдің цилиндрінде поршені ең жоғарғы нүктесіне төмен қозғалғанда, кіріс клапаны арқылы жанармайдың порциясы түседі [3].

Жанармай сұйық отынның, буы мен ауаның қоспасы ретінде беріледі. Бұл процесс индикаторлық диаграммада  $0 \rightarrow 1$  сызығымен көрсетілген. Поршеннің кері қозғалысы (1 нүктесінен) ең төменгі нүктеден басталады, ол кезде кіріс клапаны жабылады және жанармай сығылады ( $1 \rightarrow 2$  сызығы). Жанармайдың сығылуы кезінде қысым мен температура өседі, ең жоғарғы нүктесіне жақындағанда жанатын газ электр ұшқынынан тұтанады (2 нүкте) және лезде жана бастайды ( $2 \rightarrow 3$  түзуі).

Жану процесі (көлемі өзгерместен қалады) кезінде цилиндрдегі газ қысымы қатты өседі. Жану процесінің соңындағы (диаграммадағы 3 нүкте) газ бастапқы жанатын қоспадан басқаша болады, ол отын буының жанғандағы қалдықтарынан тұрады. Поршеннің жұмыстық қозғалысы газ қоспасының көлемінің ұлғаюы арқылы жүзеге асады (индикаторлық диаграммадағы  $3 \rightarrow 4$  сызығы). Поршен жоғары қарай қозғалған кезде пайдаланылған газды шығаратын қақпақша ашылады, ал қысым атмосфералық қысымнан ( $4 \rightarrow 0$  сызығы) асқан кезде газ қоспасы цилиндрден шығады. Осымен двигатель жұмысының техникалық циклі аяқталады.

Индикаторлық диаграмманы және көрсетілген іштен жану двигательдерінің жұмыс циклдерінің процесстерін қорыта келіп мынадай қорытындылар жасауға болады:

- 1) бұл процесстер тұйық термодинамикалық циклдер жасамайды
- 2) бұлар тепе – тең күйдегі процесстерге (қайтымды) жатпайды (себебі, сыртқы ортамен жылу алмасу кезінде процесс шекті қылдамдықпен өтеді және ақырғы температураларының айырмасына сәйкес энергияның шашырауы арқылы жүреді).

Сондықтан ешбір нақты термодинамикалық циклді іштен жану двигательінің техникалық цикліне теңдестіруге болмайды. Дегенмен, іштен жану двигательінде болатын процесстердің жиынтығының термодинамикалық үлгісін жасауға болады.

Теориялық модель зерттелетін нақты объектіні (процестің) абстрактау және идеалдау арқылы, оған нақты бейнеде жоқ қасиеттер беріле отырып жасалады. Осы мәселелерді басында анықтап түсіндірсек, теориялық модель мен нақты объектіні, сәйкестікті тез түсінуге болады.

Тағы да нақты двигательдегі процесстерді қарастырайық. Жанар май қоспасының массасы  $m_z$  – жұмыстық зат қоспасының массасына  $m_p$  тең болғандықтан, оны жұмыстық дененің массасының тұрақтылығы жөнінде айтуға болады ( $m = m_z = m_p$ ).

Жанудың химиялық реакциясын  $2 \rightarrow 3$  изохоралық процесіне (сыртқы энергия көзінен жұмыстық денеге жылу берілгенде) ауыстыру нақты процесті едәуір өзгерткен болып есептеледі. Дегенмен, термодинамикада осылайша ауыстыру табиғи нәрсе және өте қажеттілік, себебі идеал және нақты процестер энергетикалық эквивалентті болады. Егер жұмыстық дене массасы мен құрамы өзгермейтін идеал газ болса, онда нақты жану процесі сырттан алынатын жылу мөлшерімен ауыстырылады (отын жанғандағы химиялық реакция кезінде).

Бірақ идеал циклде бұл жылу мөлшері термодинамикалық өрнекпен анықталады:

$$Q_1 = mC(V)(T_1 - T_2) \quad (4)$$

бұл  $V = const$  жұмыстық денеге қыздырғыштан берілетін жылу мөлшерін көрсетеді. Идеал циклде қабылданатын жұмыстық дененің сығылуы мен ұлғаю процестерінің адиабаттылығы нақты двигательдегі процестердің өте жылдам өтетіндігімен түсіндіріледі, яғни жұмыстық дене сыртқы ортаға жылу беріп не сырттан жылу алып үлгермейді.

Идеал циклдің тепе – теңдік теориялық моделін түсіндіру қиынырақ. Мұндай идеалдау қолданылатын тепе – тең термодинамика теориясына байланысты бұл двигательдің П.Ә.К. мүмкіндігінше толық есептеуге мүмкіндік береді, бастысы қандай факторларға байланыстылығын анықтауға болады.

Идеал циклдің тұйықтылығы  $4 \rightarrow 1$  изохоралық процесімен төмендегідей түсіндіріледі.

Атмосфераға шығарылатын температурасы  $T_4$  жұмыстық қоспамен және цилиндрге түсетін температурасы  $T_1$  жанармай қоспасының массалары және көлемдері бірдей болған жағдайдағы екі күйді  $V(T_4, V_1)(T_1, V_1)T_4 \rightarrow T_1$  болғандағыны салыстыра отырып жұмыстық дененің бір күйден (4) екінші күйге (1) изохоралық салқындау арқылы ауысуын эквивалентті деп қорытынды жасауға болады.

Жанармай және жұмыстық қоспаларды теңдестіргенде жұмыстық дене салқындатқышқа беретін жылу мөлшері:

$$Q_2 = mC(V)(T_4 - T_1) \quad (5)$$

Іштен жану двигателінің теориялық П.Ә.К. – ол идеал циклдің П.Ә.К. (3) формула бойынша  $\gamma$  белгілі бір мәнінде мұндай двигательдің П.Ә.К. тек жанармай қоспасының сығылу коэффициенті  $\varepsilon$  байланысты. Бірақ, нақты двигательде сығылу дәрежесінің өсу мүмкіндігі шектелген, себебі  $\varepsilon$  белгілі бір мәнінде отын буының өздігінен оталуы мүмкін. Мұндай жағдайда двигатель аварияға ұшырауы мүмкін. Сондықтан қолданылатын отынның сапасына байланысты оның сығылу дәрежесінің шамасы 6 – 9 болуы керек. П.Ә.К. теориялық шамасы шамамен іштен жану двигателінің П.Ә.К. екі еседей көп болады. Мұның себебі, идеал термодинамикалық циклді двигательдің нақты техникалық циклінен айтарлықтай айырмашылығында. Бұл жерде мұндай модельдеудің тиімділігі күдік тудыруы мүмкін. Бұл күдікті жою үшін төмендегі жағдайларды ескеру қажет: біріншіден, термодинамика



үшін двигатель жұмысының нақты жағдайы аса маңызды болмаса да, ол П.Ә.К. мәніне елеулі әсер етуі мүмкін және екіншіден, теориялық модельде нақты процессті таза күйінде (сыртқы және қосалқы жағдай болмағанда) қарастырады, ал қарастырылып отырған жағдайда двигательдің П.Ә.К. термодинамикалық факторларға байланыстылығы қарастырылады.

Қорыта келгенде, П.Ә.К. қатысты сұрақтарды қарастырғанда танымдылық «техникалық объект → теориялық модель» бағытында жүреді, ал теорияны құрастырған соң танымдылық кері бағытта жүреді. Атап айтқанда, термодинамиканы диаграмма (мысалы  $P, V$ ) арқылы двигательдердің әр түрлі идеал циклдерін қарастыруға болады, олардың П.Ә.К. есептеуге болады, оларды салыстыра отырып ішінен ең тиімдісін және болашағы барын жүзеге асыруға болады. Осы жолмен көптеген двигательдермен қондырғыларда циклдер жүзеге асырылған [4].

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Савельев, И. Жалпы физика курсы [Мәтін] / И. Савельев. – Алматы: Мектеп, 1977.
2. Сивухин, Д.В. Общий курс физики [Текст] / Д.В. Сивухин. – М.: Наука, 1989.
3. Қойшыбаев, Н. Молекулалық физика [Мәтін] / Н. Қойшыбаев. – Алматы: Зият Пресс, 2006.
4. Бордовский, Г.А. Общая физика [Текст] / Г.А. Бордовский, Э.В. Бурсиан. – М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2001.

*Материал редакцияға 11.05.18 түсті.*

**С.Ш. Егембердиева, К.А. Байжуман**

*Таразский государственный педагогический университет, г.Тараз, Казахстан*

#### ИДЕАЛЬНЫЕ ТЕРМОДИНАМИЧЕСКИЕ ЦИКЛЫ И РЕАЛЬНЫЕ ТЕПЛОВЫЕ МАШИНЫ

В данной работе рассматриваются процессы происходящие в идеальных термодинамических циклах и реальных тепловых двигателях. В результате показано, что коэффициент полезного действия реального цикла увеличивается при повышении коэффициента сжатия и показатель адиабаты тела.

**Ключевые слова:** цикл Карно, адиабата, изохора, коэффициент полезного действия, степень сжатия, цикл, рабочее тело.

**S.Sh. Egemberdieva, K. A. Baizhuman**

*Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan*

#### IDEAL THERMODYNAMIC CYCLES AND REAL THERMAL MACHINES

In this paper, we consider processes occurring in ideal thermodynamic cycles and real thermal engines. As a result, it is shown that the efficiency of a real

cycle increases with an increase in the compression ratio and the adiabatic index of the body.

**Keywords:** Carnot cycle, adiabat, isochore, coefficient of efficiency, compression ratio, cycle, working body.

ӘОЖ 681.38(62-251)

**Е.Е. Дүйсембиев<sup>1</sup>, Қ.С. Тәттібеков<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Техн. ғылымд. канд., доцент, <sup>2</sup>Физ.-мат. ғылымд. канд., доцент  
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., Қазақстан  
Электрондық пошта: <sup>1</sup>Duisembiev\_di@mail.ru, <sup>2</sup>konsbek@mail.ru*

### **ГИРОСКОП РОТОРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖИІЛІКТІ АЙНАЛМАЛЫ МАГНИТ ӨРІСІНДЕГІ ҚОЗҒАЛЫСЫ**

Жұмыста өткізгіш динамикалық симметриялы қатты дененің массалар центрі маңында, магниттік өріс денеге аз шамаға енген кездегі қозғалысын жуық түрде сипаттайтын жай дифференциалдық теңдеулер жүйесі қарастырылып, алынған. Алынған теңдеулер жүйесі механикалық байланыссыз гироскоп роторының айналмалы магнит өрісіндегі қозғалысын зерттеу үшін пайдаланылады. Теңдеулер жүйесіне жасалған талдаулар, кинетикалық момент векторының магнит өрісінің айналу өсімен бірігуге ұмтылатынын және дене бұрыштық жылдамдығының артатынын көрсетеді. Поляризация тензоры мен инерция тензоры қатынастарына байланысты дене қозғалысының өзгеру мүмкіндіктері келтірілген.

**Тірек сөздер:** гироскоп, ротор, жоғары жиілікті магнит өрісі, нутация, байланыссыз гироскоп, кинетикалық момент, поляризация тензоры, инерция тензоры.

Бүгінгі күні өте жоғары жылдамдықпен қозғалатын қуатты жаңа техника, жоғары өнімді инновациялық технологиялар заманында гироскопиялық қондырғылардың орны ерекше. Оларды жаңа қуатты техниканың әртүрлі салаларында көптеп қолданумен қатар, олардың жоғары дәлдікпен, сенімді жұмыс істеу мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінуде және осы бағытта үздіксіз ізденістер жүргізілуде [1].

Соңғы жылдары, жоғары жылдамдықпен жүретін, қозғалатын, ұшатын аппараттардың басқару жүйелерін құру үрдісінде гироскоптардың бірнеше түрлері жиі пайдаланылуда, олар: кардандық, аэродинамикалық, гидродинамикалық, криогендік, электростатикалық, магниттік, байланыссыз (контактсіз) және т.б.

Байланыссыз гироскоптардың негізгі сезімтал элементі – оның роторы. Оның сыртқы пішіні сфера немесе өскесимметриялы түрде болып келеді және оны ұстап тұру және айналмалы қозғалысқа түсіру үшін электростатикалық немесе магниттік өрістер пайдаланылады. Осындай, яғни механикалық байланыссыз гироскоптардың басқа гироскоп түрлерінен ерекшелігі, біріншіден ондағы ротордың бұрыштық қозғалысына шектеу қойылмағандығы, екіншіден ротор мен сыртқы кожухтың аралық кеңістігі ауасыз (вакуум) болатындығынан ротордың ешқандай кедергісіз

қозғалатындығы немесе ауамен болған жағдайдағы қандай да бір ауаның кедергі күшінің әсері болатыны.

Механикалық байланыссыз гироскоп роторының жоғары жиілікті, айнала қозғалатын магнит өрісіндегі айналмалы қозғалысқа түсу есебін қарастырайық [3, 4].

Ротордың симметрия өсі катушкалар орналасқан кожухқа қарағанда еркін түрде орналасатындықтан, алғашқы мезетте ротор бұрыштық тербелістерге ұшырайды. Ал нутациялық тербеліс жағдайында байланыссыз гироскоп өз міндетін атқара алмайды, яғни жұмыс істей алмайды, себебі ротордың бұрыштық орнының оптикалық датчиктері, ротордың симметрия өсінің бағыттаушы косинустарын анықтай алмайды.

Сондықтан, қозғалыстың бастапқы сатысында нутациялық тербелістердің пайда болуы механикалық байланыссыз гироскоптардың кемшіліктерінің бірі болып табылады [2].

Гироскоп роторын айналмалы қозғалысқа келтіру және нутациялық тербелістерді басу процесіне теориялық талдаулар жүргізу үшін гироскопиялық қондырғы [3] шарттарды қанағаттандырады деп аламыз, яғни:

- гироскоп роторы динамикалық симметриялы абсолютті қатты дене;
- гироскоп корпусы қатаң бекітілген;
- ротор вакуумде, сфералық бет ішінде орналасқан;
- ротор материалының магниттік өтімділігі бірге тең;
- денені айналмалы қозғалысқа түсіретін магнит өрісі біртекті;
- айналдырушы моментке қарағанда гироскоп роторының кинетикалық энергиясы аса үлкен;
- дене өлшемімен салыстырғандағы магниттік өрістің денеге ену тереңдігі өте аз.

Магнит өрісі кернеулілігі векторының қозғалмайтын өстерге  $O\xi_1, \xi_2, \xi_3$  проекциялары келесі формулалармен анықталады


$$H_{\xi_1} = H_0 \cos \omega t, \quad H_{\xi_2} = H_0 \sin \omega t, \quad H_{\xi_3} = 0 \quad (1)$$

мұндағы  $\xi_3$  өсі, магниттік өріс кернеулілігі векторының  $\vec{H}$  айналу өсімен бағытталған, яғни  $\vec{H} \perp \xi_3$ .

Ротормен бірге қозғалатын және оның бас инерция өстерімен бағытталған  $Ox_1, x_2, x_3$  координат жүйесінің,  $O\xi_1, \xi_2, \xi_3$  координат жүйесіне қарағандағы орнын Эйлердің үш бұрышымен:  $\psi$  - прецессия,  $\vartheta$  - нутация,  $\varphi$  - өзінің айналу бұрыштарымен анықтаймыз.

$\zeta$  трехграннигі  $\xi$  трехграннигін екі рет тізбектей бұру арқылы алынады:  $\xi_3$  өсінен айнала  $\sigma$  бұрышына бұру және аралық трехгранниктің (1-сурет) екінші өсін айнала  $\delta$  бұрышына бұру [2].

$\zeta$  трехграннигінің  $\xi_3$  өсі дененің қозғалыс мөлшері моменті векторымен бағытталған.



Сурет 1.  $x, \zeta$  және  $\xi$  трехгранниктерінің өзара байланысы

Жоғарыда айтылған шарттар орындалған жағдайда, гироскоп роторын магнит өрісінде қозғалысқа түсіру есебі, өткізгіш симметриялы қатты дененің өзінің массалар центрі төңірегінде қозғалысы есебіне келтіріледі. Дене қозғалысы, магнит өрісінде роторда пайда болатын құйынды (вихревой) ток жасаған момент [2] әсерінен болады.

$$\overline{M}_x = \left[ P^0 \overline{H}_x + \frac{\varepsilon_0}{\sqrt{\pi}} P^1 \int_0^t \frac{\overline{H}_x(\tau)}{\sqrt{t-\tau}} d\tau \right] \times \overline{H}_x \quad (2)$$

мұндағы  $P^0$  және  $P^1$  тек дене формасына ғана байланысты болатын тұрақты поляризация тензорлары  $P^0 = \text{diag}(P^0_1, P^0_2, P^0_3)$ ,  $P^1 = \text{diag}(P^1_1, P^1_2, P^1_3)$ ,

$$\varepsilon_0 = \frac{c}{\sqrt{4\pi\lambda\mu}} \ll 1 - \text{сәйкес электродинамикалық есепті шешудегі өте аз}$$

шама;  $\overline{H}_x$  - магниттік өріс векторы.

Бұл жағдайда, яғни магнит өрісінің өткізгіш денеге ену тереңдігі өте аз болған кезінде механикалық байланыссыз ротордың айналмалы қозғалысын сипаттайтын жуық теңдеулер жүйесі келесі түрде алынады:

$$L \dot{\delta} = -a_0 (v_{33}^1 + SpA) \text{Sin } \delta \cdot H_0^2 - b_0 u H_0^2 \text{Sin } \delta \text{Cos } \delta - b_0 H_0^2 (\text{Sin } \delta (v_{33}^1 + SpA) \dot{\sigma} - 2v_{33}^1 \text{Cos } \delta \cdot \dot{\delta}),$$

$$\begin{aligned}
L \sin \delta \cdot \dot{\sigma} &= \frac{H_0^2}{8} \sin \delta \cos \delta (6v_{33}^0 - 2SpV_0 + a\sqrt{2}(3v_{33}^1 - SpA)) - \\
&b_0 u H_0^2 \sin \delta - b_0 H_0^2 ((-SpA \cdot \sin^2 \delta + \\
&v_{33}^1 (1 - 3\cos^2 \delta)) \dot{\delta} - \sin \delta \cos \delta (3v_{33}^1 - SpA) \dot{\sigma}), \\
\dot{L} &= 2a_0 (\cos \delta (SpA - v_{33}^1) H_0^2 + b_0 H_0^2 (1 + \cos^2 \delta) + \\
&b_0 (SpA - v_{33}^1) (2 \cos \delta \cdot \dot{\sigma} + \sin \delta \cdot \dot{\delta}) H_0^2), \\
\dot{\vartheta} &= \frac{H_0^2 \sqrt{2}}{8} \sin \vartheta \cos \vartheta \left\{ \frac{\alpha_3^1 - \alpha_1^1}{L} (2a \cos \delta + 2b \cos \delta \cdot \dot{\sigma} + b \sin \delta \cdot \dot{\delta}) + \right. \\
&\frac{b}{I_1 I_3} [2\alpha_1^1 \sin^2 \delta (I_3 - I_1) + \\
&\left. + (1 + \cos^2 \delta) (\alpha_3^1 I_3 - \alpha_1^1 I_1) \right\}. \tag{3}
\end{aligned}$$

мұндағы  $L, \sigma, \delta, \vartheta$  қарастырылып отырған есептегі баяу өзгеретін параметрлер,  $L$  - кинетикалық момент модулі,  $\vartheta$  - нутация, яғни кинетикалық момент векторы мен ротордың динамикалық симметрия өсі  $x_3$  арасындағы бұрыш,  $I_1, I_2, I_3$  - қатты дененің инерция тензорлары ( $I_1 = I_2$ ),  $e_1, e_2, e_3$  - поляризация тензорының коэффициенттері ( $e_1 = e_2$ ),  $H_0$  - магнит өрісінің кернеулігі,  $a, b$  - тұрақты коэффициенттер, ал

$$u = L \left[ \frac{\alpha_3^1 + \alpha_1^1}{I_1} \sin^2 \vartheta + \frac{2\alpha_1^1}{I_3} \cos^2 \vartheta \right], \quad v_{33}^1 = \alpha_1^1 \sin^2 \vartheta + \alpha_3^1 \cos^2 \vartheta, \quad v_{33}^0 = P_1^0 \sin^2 \vartheta + P_3^0 \cos^2 \vartheta$$

$$a_0 = a\sqrt{2}/8, b_0 = b\sqrt{2}/8, A = \text{diag}(\alpha_1^1, \alpha_2^1, \alpha_3^1)$$

$SpA$  -  $A$  матрицасының ізі.

Соңғы алынған (3) теңдеуді қалыпты түрге келтірейік

$$\begin{aligned}
\dot{\sigma} &= \frac{1}{8L - b\sqrt{2}H_0^2 \cos \delta (3v_{33}^1 - SpA)} \left\{ \cos \delta [6(e_1^0 - e_3^0) \sin^2 \vartheta + 4(e_3^0 - e_1^0) + \right. \\
&\left. + a\sqrt{2} [3(e_1^1 - e_3^1) \sin^2 \vartheta + 2(e_1^1 - e_3^1)] - b\sqrt{2}L \left[ \frac{e_3^1 + e_1^1}{I_1} \sin^2 \vartheta + \frac{2e_1^1}{I_3} \cos^2 \vartheta \right] \right\}
\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
\dot{\delta} &= \frac{-\sin \delta}{8L - 2b\sqrt{2}H_0^2 \cos \delta \cdot v_{33}^1} \left\{ a\sqrt{2} [2(e_3^1 + e_1^1) + (e_1^1 - e_3^1) \sin^2 \vartheta] + \right. \\
&\left. b\sqrt{2} \cos \delta \cdot L \left[ \frac{e_3^1 + e_1^1}{I_1} \sin^2 \vartheta + \frac{2e_1^1}{I_3} \cos^2 \vartheta \right] \right\}
\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
\dot{L} &= 2a_0 \cos \delta (2e_1^1 + (e_3^1 - e_1^1) \sin^2 \vartheta) + \\
&b_0 (1 + \cos^2 \delta) \cdot L \left[ \frac{e_3^1 + e_1^1}{I_1} \sin^2 \vartheta + \frac{2e_1^1}{I_3} \cos^2 \vartheta \right],
\end{aligned}$$

$$\dot{\vartheta} = \sin \vartheta \cos \vartheta \left[ \frac{2a_0(e_3^1 - e_1^1)}{L} \cos \delta + \frac{b_0}{I_1 I_3} \left[ 2e_1^1 \sin^2 \delta (I_3 - I_1) + (1 + \cos^2 \delta)(e_3^1 I_3 - e_1^1 I_1) \right] \right]. \quad (4)$$

мұндағы  $e_3^1 = \alpha_3^1 H_0^2$ ,  $e_1^1 = \alpha_1^1 H_0^2$ ,  $e_3^0 = P_3^0 H_0^2$ ,  $e_1^0 = P_1^0 H_0^2$ , (4)-ші теңдеуде  $\omega^{-2}$  кіретін мүшелер ескерілмеген.

Бірінші  $e_1 = e_2 = e_3$ , яғни поляризация тензоры шар түрінде болған жағдайды қарастырайық. Көбіне, гироскоп роторының бастапқы қозғалысы тыныштық жағдайынан  $\delta$  бұрышы азаятынын көруге болады ( $\delta \rightarrow 0$ ). Бұл жағдайда,  $\vartheta$  бұрышын анықтауға мүмкіндік беретін теңдеу басқа теңдеулерге байланыссыз алынады:

$$\operatorname{tg} \vartheta = \operatorname{tg} \vartheta_0 \exp(2b_0 e((I_3 - I_1) / (I_3 I_1))t) \quad (5)$$

мұндағы  $\vartheta_0$  - симметрия өсі  $x_3$  пен магнит өрісінің айналу өсі арасындағы бастапқы бұрыш мәні.

Соңғы теңдеуден ротордың эллипсоид инерциясы қысыңқы (сплюснутый), яғни  $I_3 > I_1$ , болғанда  $\vartheta$  уақыт өте келе өсетінін, ал  $I_3 < I_1$  созыңқы (вытянутый) болғанда  $\vartheta$  уақыт өте келе монотонды азаятынын көруге болады.

Енді  $e_1 = e_2 \neq e_3$  жағдайын қарастырайық. Бұл жағдайда нутация бұрышының өзгеруі негізінен инерция тензоры мен поляризация тензоры компоненттеріне тікелей байланысты болады.  $L = L_*$  болғанда, мұндағы

$$L_* = 2(e_3^1 - e_1^1)I_3 I_1 \omega / (e_1^1 I_1 - e_3^1 I_3) \quad (6)$$

нутация бұрышының өзгеру жылдамдығы нөлге теңеледі.

Теңдеулерден көріп тұрғанымыздай,  $e_3^1 > e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} < \frac{e_1^1}{e_3^1}$  болғанда, әзірше кинетикалық момент шамасы  $L < L_*$ , және  $e_3^1 > e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} > \frac{e_1^1}{e_3^1}$  нутация бұрышы  $\vartheta$  өсетінін, ал  $e_3^1 > e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} > \frac{e_1^1}{e_3^1}$  болғанда, әзірше кинетикалық момент шамасы  $L < L_*$ , және  $e_3^1 > e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} < \frac{e_1^1}{e_3^1}$  нутация бұрышы  $\vartheta$  кемитінін байқаймыз.

Кинетикалық момент шамасы  $L > L_*$  болысымен,  $e_3^1 > e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} < \frac{e_1^1}{e_3^1}$  болғанда, нутация бұрышы  $\vartheta$  кемитінін, ал  $e_3^1 < e_1^1$ ,  $\frac{I_3}{I_1} > \frac{e_1^1}{e_3^1}$  болғанда, нутация бұрышы  $\vartheta$  өсетінін байқаймыз.

Сонымен, (4)-ші теңдеуді, яғни гироскоп роторының жоғары жиіліктегі айналмалы магнит өрісіндегі қозғалысын талдай келе кинетикалық момент векторының магнит өрісінің айналу өсімен бірігуге ұмтылатынын, ротор бұрыштық жылдамдығының өсетінін, ал ротор симметрия өсінің орыны

(қозғалысы) оның инерция және магнитті поляризация тензорларына тікелей байланысты екенін көреміз.

Алынған теңдеулер гироскоп роторының негізгі параметрлерінің уақытқа байланысты өзгеруін сипаттауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Делекторский, Б.А. Разработки и исследования гироскопических гистерезисных электроприводов [Текст] / Б.А. Делекторский, В.Б. Никаноров, С.Ю. Останин [и др.] // Вестник МЭИ. – 2016. – №4. – С.29-37.
2. Ишлинский, А.Ю. Лекции по теории гироскопов [Текст] / А.Ю. Ишлинский, В.И. Борзов, И.П. Степаненко. – М., 1983.
3. Кобрин, А.И. Асимптотическое решение задачи о движении твердого тела в магнитном поле [Текст] / А.И. Кобрин // Дифференциальные уравнения. – 1985. – №10. – С.1808-1811.
4. Мартыненко, Ю.Г. Движение твердого тела в электрических и магнитных полях [Текст] / Ю.Г. Мартыненко. – М.: Наука, 1988. – 368 с.

*Материал редакцияға 25.04.18 түсті.*

**Е.Е. Дуйсембиев, К.С. Таттибеков**

*Таразский государственный педагогический университет, г. Тараз, Казахстан*

#### **ДВИЖЕНИЕ РОТОРА ГИРОСКОПА ВО ВРАЩАЮЩЕМСЯ ВЫСОКОЧАСТОТНОМ МАГНИТНОМ ПОЛЕ**

В работе рассмотрены и получены обыкновенные дифференциальные уравнения, приближенно описывающие движение проводящего динамически симметричного твердого тела около центра масс при малой глубине проникновения магнитного поля в проводник. Полученные уравнения используются для исследования раскрутки ротора неконтактного гироскопа вращающимся магнитным полем. Анализ осредненных уравнений показывает, что вектор кинетического момента стремится совпасть с осью вращения магнитного поля; при этом угловая скорость тела нарастает. В случае шарового тензора поляризуемости ось динамической симметрии ротора со сплюснутым эллипсоидом инерции уходит от оси вращения поля. В случае вытянутого эллипсоида инерции ось динамической симметрии ротора стремится совпасть с вектором кинетического момента.

**Ключевые слова:** гироскоп, ротор, высокочастотное магнитное поле, нутация, неконтактный гироскоп, кинетический момент, тензор поляризуемости, тензор инерции.

**E.E. Duisembiev, K.S. Tattibekov**

*Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan*

#### **MOTION OF ROTOR OF GYROSCOPE IS IN THE REVOLVED HIGH-FREQUENCY MAGNETIC FIELD**

In this paper, we derive ordinary differential equations that approximately describe the motion of a conducting dynamically symmetric rigid body near the center of mass with a small depth of penetration of the magnetic field into the conductor. The resulting equations are used to study the promotion of the non-contact gyro rotor rotating magnetic field. The analysis of the averaged equations shows that the kinetic moment vector tends to coincide with the axis of rotation of the magnetic field; the angular velocity of the body increases. In the case of a ball tensor of polarizability, the axis of dynamic symmetry of the rotor with a flattened ellipsoid of inertia moves away from the axis of rotation of the field. In the case of an elongated inertia ellipsoid, the axis of the rotor dynamic symmetry tends to coincide with the kinetic moment vector.

**Keywords:** gyroscope, rotor, high-frequency magnetic field, nutation, unpin gyroscope, kinetic moment, polarizability tensor, tensor of inertia.

ӘӨЖ 531.1

**Р.Ж. Наметкулова<sup>1</sup>, С.Ш. Егембердиева<sup>2</sup>,  
М.Т. Кейкиманова<sup>3</sup>, А.К. Кадиримбетова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Аға оқытушы, <sup>1</sup>Физ.-мат. ғыл. канд., доцент, <sup>3</sup>Техн. ғыл. канд., доцент  
<sup>1,3</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан,  
<sup>2</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., Қазақстан

### **МЕХАНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ИНЕРЦИЯ МОМЕНТТЕРІН АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУ**

Жұмыста әртүрлі механикалық жүйелердің инерция моменттерін аналитикалық есептеу қарастырылған. Қойылған мақсатқа жету үшін бекітілген оське қатысты біртекті денелердің инерция моменттері зерттелген.

**Тірек сөздер:** айналмалы қозғалыс динамикасы, инерция моменті, симметрия осі.

Инерция моменті туралы ұғымды голландық механик, физик, астроном Христиан Гюйгенс енгізді. Ол физикалық маятниктің тербелісін зерттеуге көп көңіл бөлді; терминнің өзін кейінірек Петербург ғылым академиясының академигі Леонард Эйлер (1707-1783 ж.) ұсынды.

Денелердің, күштердің әсері болмаған жағдайда өзінің қозғалыс күйін сақтау және олардың өзгерісіне, осы өзгерістерге қарсылық көрсете отырып, қозғалыс күйін өзгерту арқылы жауап беру қасиетін, жалпы жағдайда, инерциалдылық деп атайды.

Автокөліктерді, ұшақтар мен кемелерді қажетті маневрлік сипаттамаларымен қамсыздандыру үшін конструкторларға олардың әртүрлі бөлшектерінің инерция моменттерін анықтау қажеттігі туындайды. Бірақ күштік қондырғылар сияқты кейбір элементтердің құрылымы күрделі болғандықтан, олардың инерция моменттерін аналитикалық жолмен анықтау қиын, сондықтан тәжірибелік әдіске жүгінеді. Осы себептерден әртүрлі денелердің инерция моменттерін аналитикалық және тәжірибелік жолмен анықтау әдістерін меңгерудің маңызы зор.



Бұл жұмыста қарапайым элементтерден тұратын денелердің инерция моменттерін аналитикалық есептеу әдістері қарастырылды.

Қатты денелердің инерция моменттері, денелер тек біртекті және дұрыс геометриялық пішінді болған жағдайларда ғана интегралдық есептеулер әдісімен анықталады. Дұрыс геометриялық формалы біртекті денелердің инерция моменттерін интегралдау арқылы есептеу мысалдары әдебиеттерде келтірілген [1-3]. Біртекті емес және пішіні күрделі денелердің инерция моменттерін эксперименттік жолмен анықтаған ыңғайлы әрі сенімді [4].

Біртекті денелердің инерция моменттерін есептеу. Массасы  $M$  жұқа біртекті парабодалық пластинаның  $y$  осіне қатысты есептейік. Пластинаның табаны  $y$  осіне параллель болсын делік. Пластинаның шектейтін параболаның теңдеуі  $y^2 = 4x$ .

Есепті шешу үшін  $Oy$  осіне параллель және одан  $x$  және  $dx$  қашықтықта екі түзу жүргіземіз. Пластинаның штрихталған элементінің  $Ox$  осіне қатысты  $dJ_y = x^2 dm$  инерция моментін есептейміз. Элементтің массасы  $dm = \gamma dS$ . Мұндағы  $\gamma$  – пластинаның бірлік ауданының массасы,  $dS = 2y dx$  – элементтің ауданы. Осылайша,  $dm = 2\gamma y dx$  және  $dJ_y = 2\gamma x^2 y dx$ . Есептің шарты бойынша  $y^2 = 4x$  болғандықтан  $y = 2\sqrt{x}$ .

Ендеше,  $dJ_y = 4\gamma x^2 \sqrt{x} dx$ .  $Oy$  осіне қатысты пластинканың инерция моменті:


$$J_y = \int_0^a 4\gamma x^2 \sqrt{x} dx = \frac{8}{7} \gamma a^3 \sqrt{a}.$$

Пластинканың массасы  $M = \gamma S$ , пластинканың ауданы:

$$S = \int_0^a 2y dx = 4 \int_0^a \sqrt{x} dx = \frac{8}{3} a \sqrt{a},$$

бұдан  $M = \frac{8}{3} \gamma a \sqrt{a}$ . Алынған  $M$  өрнегін ескеріп, инерция моментінің формуласын аламыз:

$$J_y = \frac{3}{7} M a^2.$$




Сурет 1. Парабодалық пластинаның инерция моментін есептеу сұлбасы

Егер материалдық жүйе бірнеше қатты денелерден тұратын және сонымен бірге әрқайсысының инерция моменті белгілі болса, онда жүйенің қандай да бір оське қатысты инерция моменті осы жүйеге кіретін денелердің сол оське қатысты инерция моменттерінің қосындысына тең.

2. Ішінен қабырғасы  $a$  квадрат кесіліп алынған радиусы  $r$  біртекті жұқа дөңгелек пластинаның  $x$ ,  $y$ ,  $z$  осьтеріне қатысты инерция моментін есептейміз (2-сурет). Квадрат пен дөңгелектің центрлері беттеседі;  $M$  – ойығы бар пластинаның массасы. Ойығы бар пластинаның қандай да бір оське қатысты инерция моменті дөңгелектің инерция моменті мен квадраттың сол оське қатысты инерция моменттерінің айырымына тең, яғни:

$$\begin{aligned} J_x &= J_x^{(1)} - J_x^{(2)}; \\ J_y &= J_y^{(1)} - J_y^{(2)}; \\ J_z &= J_z^{(1)} - J_z^{(2)}. \end{aligned} \quad (1)$$



Сурет 2. Ойығы бар дөңгелек пластинаның инерция моментін есептеу сұлбасы

Симметриялық тұрғыдан шығатыны  $J_y = J_z$ . 1-кестедегі формулаларды қолданып, келесі өрнектерді аламыз:

$$\begin{aligned} J_x^{(1)} &= \frac{M^{(1)} r^2}{2}, & J_y^{(1)} &= J_z^{(1)} = \frac{M^{(1)} r^2}{4}, \\ J_x^{(2)} &= \frac{M^{(2)} r^2}{6}, & J_y^{(2)} &= J_z^{(2)} = \frac{M^{(2)} r^2}{12}, \end{aligned} \quad (2)$$

мұндағы белгілеулер:  $M^{(1)}$  - ойықсыз пластинаның массасы және  $M^{(2)}$  – ойылып алынған квадраттың массасы.  $M^{(1)}$  және  $M^{(2)}$  шамаларын ойығы бар пластинаның  $M$  массасына тәуелділігі:

$$M = M^{(1)} - M^{(2)} = M^{(1)} - \frac{M^{(1)}}{\pi r^2} a^2 = \frac{\pi r^2 - a^2}{\pi r^2} M^{(1)},$$

Бұдан

$$M^{(1)} = \frac{\pi r^2}{\pi r^2 - a^2} M. \quad (3)$$

$$M^{(2)} = \frac{M^{(1)}}{\pi r^2} a^2 = \frac{a^2}{\pi r^2 - a^2} M. \quad (4)$$

(3) және (4) өрнектерін (2) формуласына қойып, жазамыз:

$$J_x = \frac{\pi M r^4}{2(\pi r^2 - a^2)}, \quad J_y^{(1)} = J_z^{(1)} = \frac{\pi M r^4}{4(\pi r^2 - a^2)},$$

$$J_x^{(2)} = \frac{M a^4}{6(\pi r^2 - a^2)}, \quad J_y^{(2)} = J_z^{(2)} = \frac{M a^4}{12(\pi r^2 - a^2)}. \quad (5)$$


(5) мәндерін (1)-формулаға қойып, симметриялықты ескере отырып, алатынымыз

$$J_x = \frac{\pi M r^4}{2(\pi r^2 - a^2)} - \frac{M a^4}{6(\pi r^2 - a^2)} = \frac{3\pi r^4 - a^4}{6(\pi r^2 - a^2)} M,$$

$$J_y = J_z = \frac{\pi M r^4}{4(\pi r^2 - a^2)} - \frac{M a^4}{12(\pi r^2 - a^2)} = \frac{3\pi r^4 - a^4}{12(\pi r^2 - a^2)} M.$$

Төменде берілген нүкте арқылы өтетін кез келген оське қатысты инерция моментін анықтау қарастырылған.

Дененің бір О нүктесін координаттар жүйесінің басы ретінде аламыз. О нүктесі арқылы x, y, z осьтерімен  $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$  бұрыштарын жасайтын, кез келген L осін жүргіземіз (3-сурет).



Сурет 3. Берілген оське қатысты инерция моментін анықтау

О нүктесі арқылы өтетін L осіне қатысты қатты дененің инерция моменті келесі формуламен анықталады [2]:

$$J_L = J_x \cos^2 \alpha + J_y \cos^2 \beta + J_z \cos^2 \gamma + 2J_{yz} \cos \beta \cos \gamma -$$


$$- 2J_{zx} \cos \gamma \cos \alpha - 2J_{xy} \cos \alpha \cos \beta \quad (6)$$

мұндағы  $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$  – L осі мен координата осьтері арасындағы бұрыштар;  $J_x$ ,  $J_y$ ,  $J_z$  – дененің осьтік инерция моменттері;  $J_{xy}$ ,  $J_{yz}$ ,  $J_{zx}$  – центрден тепкіш

инерция моменттері. Осьтік және центрден тепкіш инерция моменттері латын әліпбиінің әріптерімен жиі белгіленеді:  $J_x=A$ ,  $J_y=B$ ,  $J_z=C$ ,  $J_{xy}=D$ ,  $J_{yz}=E$ ,  $J_{zx}=F$ . Бұл жағдайда (6)-формула келесі түрде жазылады:

$$J_L = A \cos^2 \alpha + B \cos^2 \beta + C \cos^2 \gamma + 2D \cos \beta \cos \gamma - 2E \cos \gamma \cos \alpha - 2F \cos \alpha \cos \beta \quad (7)$$

О нүктесі арқылы өтетін әртүрлі бағыттағы осьтерге қатысты инерция моменттерінің өзгерісін көрнекі түрде бейнелеу үшін  $L$  осінің бағытын, яғни  $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$  бұрыштарын өзгерткендегі инерция моментінің өзгерісін қарастырамыз. Осы өзгерісті көрнекі түрде бейнелеу үшін  $L$  осінің бойынан  $O$  нүктесінен, ұзындығы сәйкес масштабпен  $OM = \frac{1}{\sqrt{I_L}}$  теңдігімен анықталатын  $OM$  кесіндісін жүргіземіз.



Сурет 4. Инерцияның эллипсоиды

$L$  осінің декарттық  $x, y, z$  координаттық осьтеріне қатысты бұрыштарының бағыттаушы косинустарын  $M$  нүктесінің координаттарын және  $OM$  кесіндісінің ұзындығын қолданып, өрнектейміз:

$$\cos \alpha = \frac{x}{OM} = x \sqrt{J_L},$$

$$\cos \beta = \frac{y}{OM} = y \sqrt{J_L},$$

$$\cos \gamma = \frac{z}{OM} = z \sqrt{J_L}.$$

$\cos \alpha$ ,  $\cos \beta$ ,  $\cos \gamma$  мәндерін (6)-формулаға қойып және алынған өрнекті  $J_L$ -ге бөліп, соңында алатынымыз:

$$J_x x^2 + J_y y^2 + J_z z^2 - 2J_{yz} \cdot yz - 2J_{zx} zx - 2J_{xy} xy = 1. \quad (8)$$

(8)-тендеуі  $OM = \frac{1}{\sqrt{I_L}}$  шарты орындалғанда  $L$  осінің бағытының өзгерісі кезіндегі бойымен  $M$  нүктесі орын ауыстыратын бетті анықтайды. Бұл тендеу екінші реттік беттің тендеуі болып табылады. Бұл бет эллипсоид

болып табылады, себебі барлық  $M$  нүктелерінен  $O$  нүктесіне дейінгі қашықтық шектелген ( $J_L \neq 0$ ). Бұл эллипсоид инерция эллипсоиды деп аталады. (8)-теңдеуінде бірінші дәрежелі координаттар болмағандықтан эллипсоидтың центрі координата басында орналасқан. Эллипсоидтың үш симметрия осьтері  $O$  нүктесіндегі дененің инерциясының бас осьтері деп аталады, ал осы осьтерге қатысты инерция моменттері инерцияның бас осьтері деп аталады.

Егер координаттар осі ретінде инерцияның бас осьтерін алсақ, онда теңдеу келесі түрде жазылады [1,2]:

$$J_x x^2 + J_y y^2 + J_z z^2 = 1, \quad (9)$$

яғни центрден тепкіш инерция моменттері нольге теңеседі:

$$J_{yz} = J_{zx} = J_{xy} = 0.$$

Осылайша, қатты дененің әрбір нүктесінде сәйкес инерция эллипсоидының осьтері болып табылатын инерцияның үш бас осі болады.

4-суретте  $O$  нүктесі үшін тұрғызылған инерция эллипсоиды және инерция эллипсоидының теңдеуі (9) түрінде болатын Охуз координаттық жүйесі көрсетілген. Канондық түрдегі:

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{z^2}{c^2} = 1 \quad (10)$$

эллипсоид теңдеуін инерцияның бас осьтеріне қатысты инерция эллипсоидының (9) теңдеуімен салыстырып, келесі өрнектерді аламыз:

$$a = \frac{1}{\sqrt{J_x}}, \quad b = \frac{1}{\sqrt{J_y}}, \quad c = \frac{1}{\sqrt{J_z}}. \quad (11)$$

Берілген теңдеулер бойынша үлкен бас инерция моментіне кіші инерция эллипсоиды сәйкес келеді. Егер бас оське қатысты дененің инерция моменттерінің ішінде берілген нүктеде тең келетіні болмаса, онда инерция эллипсоиды үш осьті деп аталады. Екі инерция моменттері тең болған жағдайда инерция эллипсоиды айналу эллипсоидына өтеді. Егер  $J_x = J_y = J_z$  болса, онда инерция эллипсоиды сфераға айналады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Яблонский, А.А. Курс теоретической физики [Текст] / А.А. Яблонский. Ч 2. – М.: Физматлит, 2002.
2. Бутенин, Н.В. Курс теоретической механики [Текст] / Н.В.Бутенин, Я.Л.Лунц, Д.Р.Меркин. Т 2. – М.:Наука, 1979.
3. Бать, М.И. Теоретическая механика в примерах и задачах [Текст] / М.И.Бать, Г.Ю. Джанелидзе, А.С. Кельзон. Ч2. – М.:Физматиз, 1998.
4. Матвеева, А.Н. Общий физический практикум. Механика [Текст] / А.Н.Матвеева, Д.Ф.Киселева. – М.: Изд-во Московского ун-та, 1991.

Материал редакцияға 27.04.18 түсті.

**Р.Ж. Наметкулова<sup>1</sup>, С.Ш. Егембердиева<sup>2</sup>,  
М.Т. Кейкиманова<sup>1</sup>, А.К. Кадиримбетова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Таразский государственный университет им.М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан

<sup>2</sup>Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз, Казахстан

### **АНАЛИТИЧЕСКОЕ ВЫЧИСЛЕНИЕ МОМЕНТОВ ИНЕРЦИИ МЕХАНИЧЕСКИХ СИСТЕМ**

В работе рассмотрено аналитическое вычисление моментов инерции различных механических систем. Для решения этой задачи исследованы моменты инерции однородных тел относительно закрепленной оси.

**Ключевые слова:** динамика вращательного движения, момент инерции, ось симметрии.

**R.Zh. Nametkulova<sup>1</sup>, S.Sh. Egemberdiev<sup>2</sup>,  
M.T. Keikimanov<sup>1</sup>, A.K. Kadirimbetova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

<sup>2</sup>Taraz State Pedagogical Institute, Taraz, Kazakhstan

